



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА СЕРПІН БЕРЕТІН САПАР



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Абу Дабидің орнықты даму апталығы» саммитінің жұмысына қатысу үшін Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапарымен барды.

Қасым-Жомарт Тоқаевты Абу Даби әуежайынан БАӘ Вице-президенті шейх Мансур бен Заид Әл Нахаян және басқа да ресми тұлғалар күтіп алды.

Жұмыс сапары барысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Qasr Al Shati сарайында Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен кездесті.

Мемлекет басшысы көрсеткен сый-құрметі мен қонақжайлығы үшін БАӘ Президентіне ризашылығын жеткізіп, «Абу Дабидің орнықты даму апталығының» сәтті өтуіне тілектестік білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен Абу Дабиде және Дубайда өткен кездесулерді ықыласпен еске алып, келіссөздер нәтижесі екіжақты қатынастарға тың серпін бергеніне әрі ықпалдастықтың жаңа бағыттарына жол ашқанына назар аударды.

– БАӘ – біздің араб әлеміндегі басты серіктесіміз. Елдеріміздің игілігі үшін екіжақты және көпжақты байланыстардың барлық бағыты бойынша тығыз ынтымақтастық құруға ниеттіміз. Мен достық, өзара сенім мен құрметке негізделген стратегиялық серіктестігімізді нығайтуға Сіздің қосқан үлесіңізді жоғары бағалаймын. Аса Мәртебелі Президент мырза, Сізді өз елімде құшақ жая қарсы алуға дайынмын. Қазақстанға жасайтын сапарыңыз екіжақты ынтымақтастықты нығайтудың жаңа кезеңіне бастау болатынына сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТЫ ҚАШҚАН ҚЫЗЫЛ МИЯ

Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын Сыр өңірінде «сұлулық сиқыры» саналған қызыл мия тамырын өңдеуге негізделген зауыттар ашу бастамасы көтерілгені көпке мәлім. Сол уақытта облыс аумағында индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында қос жоба жүзеге асырылатыны айтылып жүрді. Бұл аймақ экономикасына айтарлықтай үлес қосып қана қоймай, фармацевтика саласының өркен жаюына тың серпін береді деп күткен еді.



→ 7

ОТ ШАШАМ ДЕП ОТ БАСПА

Осыдан бірер апта бұрын күнтізбе парағы жаңарып, жаңа жыл есігін қақты. Жыл сайын дастарқанын жарқыратып, айналаны «жылтыраған» мерекелік безендіруге толтыратын отбасылар үшін бұл мерекені отшашусыз елестету мүмкін емес.



→ 5

ҮМІТІМІЗ – ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

Төрт жылда бір болатын қысқы Азия ойындарының басталуына 1 айдан аз уақыт қалды. Биыл 19-шы рет өткізілейін деп жатқан Азия ойындары Қытайдың Харбин қаласында болады.



→ 8

НАРЫҚ

Әлемдік экономика жаңа даму кезеңіне қадам басып, дәстүрлі салалардағы капитал ағымы өзгере бастады. Инвесторлар тұрақты өсу мен заманауи технологияларды іздеп, шикізат секторларынан алыстап, жасыл технологиялар мен шикізаттық емес салаларға назар аудара бастады. Бұл үрдіс Қазақстан экономикасы үшін жаңа бағыттарды зерттеп, дамудың балама жолдарын іздейтін уақыт жеткенін көрсетіп отыр. Еліміздің экономикалық болашағын қайта қарау туралы ұсыныстар кейінгі онжылдықта биік-биік мінберлерде талай сөз болды. Ал соңғы уақытта шикізат секторларына инвестициялардың азаюы еріксіз-ақ сөзден іске көшуге мәжбүр етуде.

ИНВЕСТИЦИЯ АҒЫМЫ ҚАЛАЙ АЙҚЫНДАЛМАҚ?



→ 4

14 ҚАҢТАР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА СЕРПІН БЕРЕТІН САПАР

(Басы 1-бетте)

Президент бүгінде БАӘ еліміздің экономикасына қаржы құйған он ірі шетелдік инвестордың қатарына кіретінін атап өтті. — Былтыр БАӘ-ден келген тікелей инвестиция көлемі екі есеге ұлғайды. Абу Дабидегі кездесу барысында біз тауар айналымын 1 миллиард долларға жеткіземіз деп мақсат қойдық. Екі ел үкіметтері сауда-саттықтың он қарқынын қалыптастыру үшін нақты экономикалық күн тәртібіне мән бергені жөн. Стратегиялық инвестициялық жобаларды құру туралы бірлескен декларацияны жүзеге асыруға Сіздің тарапыңыздан қолдау көрсетіледі деп сенеміз. Бұл құжат аясында Әмірліктердің компанияларымен көлік-логистика, энергетика, қаржы, туризм және басқа да көптеген салада белсенді ынтымақтастық жүргізіп келеміз. Бұл серіктестік елдеріміздің өсіп-өр-


кендеуіне септігін тигізеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахайн «Абу Дабидін орнықты даму апталығы» саммитіне қатысуға келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ екі елдің ынтымақтастығын жоғары бағалап, Қазақстанмен арадағы саяси диалог пен экономикалық байланыстарды одан әрі кеңейтудің және бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды толық жүзеге асырудың маңызына тоқталды. БАӘ Президенті Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы байланыс 2025 жылы өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне көтеріліп, екі елдің дамуы мен өркендеуіне ықпал ететініне сенім білдірді. Ол халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен орнықты дамудағы өзекті мәселелерді шешуде Астананың үлесі зор деп санайды.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК НЫҒАЯ БЕРМЕК

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев және палатаның бір топ депутаты Қытай Халық Республикасына ресми сапармен барды. Сапар аясында Қытайдың Халықтық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің Төрағасы Ван Хунинмен және Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің Төрағасы Чжао Лэцзимен кездесулер өтті. Онда парламентаралық ынтымақтастықты нығайту перспективалары және алдағы кезеңге арналған бірлескен жобаларды іске асыру міндеттері талқыланды.



Мәулен Әшімбаев Халықтық саяси консультативтік кеңесі Бүкілқытайлық комитетінің Төрағасына ілтипат білдіре келіп, Қытайдың Сицзан автономиялық ауданының Шигацзе қаласында болған жер сілкінісінен қаза тапқандардың туыстары мен жақындарына көңіл айтты. Сондай-ақ зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді. Сонымен қатар Парламент Сенатының Спикері Қазақстан мен Қытайдың жан-жақты стратегиялық серіктестігін нығайту жолында екі мемлекет басшыларының достық пен өзара сенімге негізделген қарым-қатынасы ерекше мәнге ие екенін, соның нәтижесінде қазір екіжақты тиімді уағдаластықтарға қол жеткізілгенін және аса маңызды құжаттарға қол қойылғанын атап өтті. Сұхбат барысында сарапшылардың Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынастарды дамудың жаңа «алтын дәуірі» ретінде бағалағаны да айтылды.

Мәулен Әшімбаев екі елдің негізгі билік институттары арасындағы ынтымақтастықты өзара іс-қимылдың маңызды тетігі ретінде атап, оны одан әрі нығайтуға ең жоғары деңгейде баса мән беріліп отырғанын тілге тиек етті.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, біз жылдан-жылға мазмұны

байып келе жатқан, шын мәнінде үлгі етерлік мемлекетаралық қатынасты жолға қойдық. Барлық деңгейде тығыз байланыс орнады. Экономикалық өзара іс-қимыл белсенді дамып келеді. Мәдени-гуманитарлық байланыстар да нығая түсті. Елдеріміз халықаралық ұйымдар аясында да өзара тиімді әрі жүйелі ықпалдастық орнатты және әлемдегі өзекті проблемаларды шешу ісіне бірлесе атсалысып келеді. Мемлекет басшылары достықтың, сенімді және нәтижелі байланыстың озық үлгісін көрсетіп отыр. Қытайдың Халықтық саяси консультативтік кеңесі мен Қазақстан Парламентінің Сенаты арасында да осындай қарым-қатынасты сақтап, дамыту аса маңызды деп есептейміз. Біздің Қытайға осы сапарымыз соған ықпал етеді деп сенеміз», — деді Сенат Төрағасы.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев екі елдің жаһандық және өнірлік күн тәртібіндегі көптеген мәселе бойынша ұстанымдары сәйкес екенін ескеріп, көпжоспарлы ынтымақтастықты одан әрі арттырудың маңыздылығына назар аударды. Сенат Спикері атап өткендей, Қытайдың тұрақты және жаһандық даму жөніндегі көпжоспарлы бастамалары жалпыға бірдей қауіпсіздікті қамтамасыз етуге елеулі үлес қосады. Кездесуде халықаралық ұйымдар мен «Орталық

Азия — Қытай» сияқты көпжақты форматтар аясында екі ел арасында жұмыс байланыстарын орнату мәселелеріне де ерекше көңіл бөлінді.

«Біз Қытайдың Халықтық саяси консультативтік кеңесімен диалогты нығайтуға үлкен мән беріп отырмыз. Мемлекет басшылары деңгейінде қол жеткізілген барлық келісімдерді тиімді іске асыруға ықпал ету — біздің ортақ міндетіміз. Қазақстан Парламентінің Сенаты осы бағытта бірлесіп, белсенді жұмыс істеуге дайын», — деді Мәулен Әшімбаев.

Бұдан басқа, Сенат Төрағасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық кешенді өзгерістерге кенінен тоқталды. Атап айтқанда, Парламентпен бірге негізгі мемлекеттік институттарды жаңғырту, Сенаттың заң шығару қызметі, сенаторлардың мәслихат депутаттарымен өзара іс-қимылы және басқа да реформалар туралы сөз болды.

«Сонғы жылдарда Қазақстанда «Әділетті Қазақстан» құру жолында кешенді реформалар іске асырылып жатыр. Реформалардың мақсаты — заң үстемдігін қамтамасыз ету, билік тармақтары және орталық пен аймақтар арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің теңгерімділігін нығайту. Қазір Парламент жұмысы-

ның негізгі басымдығы — Қазақстан Президентінің бастамасымен жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету. Өткен 2024 жылы біз 104 заң қабылдадық. Биыл экономикамызды дамытуға арналған маңызды заңдар — Салық, Бюджет, Қала құрылысы, Су кодекстері қабылданады. Жалпы, Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар уақыт талабынан туындағаны және азаматтарымыздың сұраныстарына жауап беретінін атап өткім келеді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Өз кезегінде Ван Хунин қазақ-қытай қарым-қатынастарының деңгейіне жоғары баға беріп, екі мемлекет басшыларының өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі жандандыру жолындағы рөлін атап өтті. Сондай-ақ ол Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың айрықша маңызына назар аударып, Қытай алдағы уақытта белсенді диалогты нығайтуға жан-жақты қолдау көрсетуге және екіжақты форматта да, халықаралық аренада да біздің мемлекетпен өзара іс-қимылды белсенді дамытуға мүдделі екенін айтты.

Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің Төрағасы Чжао Лэцзимен кездесу барысында да Мәулен Әшімбаев Сенат Парламенті мен Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелеріне тоқталды. Тараптар өнеркәсіп, энергетика, көлік, «жасыл» экономика, ауыл шаруашылығы және өзге де бағыттардағы бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде пікір алмасты.

«Қазақстан мен Қытай Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту бойынша ынтымақтастықты жалғастырып келеді. Бүгінде бұл бағыт Азия мен Еуропа арасындағы жеткізу тізбегінің қауіпсіздігін тиімді қамтамасыз етеді. Қазақстан мен Қытай арасында «Аяғөз-Тачэн» үшінші теміржолының құрылысы басталып жатыр. Сондай-ақ үшінші шекаралық теміржол өткізу пунктін ашу жоспарлануда. Орта дәліздің әлеуетін неғұрлым белсенді пайдалану елдеріміз арасындағы транзиттік-көліктік ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал ететіні сөзсіз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сұхбат кезінде Чжао Лэцзи екі мемлекеттің басшылары белгілеп берген міндеттерді бірлесіп іске асыруға дайын екенін білдіріп, «Бір белдеу — бір жол» бастамасы аясындағы және басқа да бірлескен жобаларды іске асыру перспективаларын жоғары бағалады.

1,6 МЛН МАМАН ҚАЖЕТ БОЛАДЫ

2025–2030 жылдары елімізде түрлі салада 1,6 млн маман қажет болады. Бұл туралы Еңбек ресурстарын дамыту орталығы хабарлады.

Сарапшылардың айтуынша, Қазақстанда 2025–2030 жылдары қажет болатын 1,6 млн кадрдың ішіне жоғары, орта, арнайы білімі бар мамандар, басшылар және арнайы біліктілігі жоқ жұмысшылар енеді. Әсіресе, есепшілер, күзетшілер, сатушылар, жүргізушілер және орта мектеп мұғалімдеріне сұраныс жоғары болады. Себебі бұлар — еңбек нарығындағы ең ауқымды бөлікті алып жатқан мамандықтар.

«Еліміз аталған кезеңде техникалық және кәсіптік білімі бар жұмысшылар тапшылығын сезінуі мүмкін. Ол жалпы еңбек нарығындағы сұраныстың тең жартысынан асады (55%) — 875 мың адам. Екінші орында жоғары білімі бар жұмысшы мамандар (27%) тұр — 429 мың адам. Құрылыс саласында да кадрға жоғары сұраныс болады деп болжанады — 100 мың адам. Ол жұмысшы мамандардың жалпы санының 25%-ын құрайды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы (13%), өңдеу өнеркәсібі (12%) және көлік саласында (10%) сұраныс артатыны байқалады», — делінген хабарламада.

Бұған дейін елімізде 2025 жылы жоғары сұраныста болатын жұмысшы мамандықтардың ТОП-10 тізімін жариялаған болатын.



Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мәліметінше, сұраныс жоғары жұмысшы мамандықтардың алғашқы ондығының тізімі мынандай:

1. Жүк көлігінің жүргізушісі (21,8 мың адам немесе жалпы сұраныстың 5,4 пайызы);
2. Сантехниктер және құбыр салушылар (17,3 мың адам немесе жалпы сұраныстың 4,3 пайызы);
3. Дәнекерлеуші (15,6 мың адам немесе жалпы сұраныстың 3,9 пайызы);
4. Құрылысшылар бригадасының басшысы, бригадир (11,9 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,9 пайызы);
5. Автобус жүргізушісі (10,8 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,7 пайызы);
6. Сылақшы (9,9 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,5 пайызы);
7. Техник-электрик (9,7 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,4 пайызы);
8. Тракторшы (9,6 мың адам немесе жалпы сұраныстың 2,4 пайызы);
9. Құрылысшы-монтаждаушы (7,9 мың адам немесе жалпы сұраныстың 1,9 пайызы);
10. Темір ұстасы, слесір (7,4 мың адам немесе жалпы сұраныстың 1,8 пайызы).

СӘТБАЕВТЫ «ҚАРА ҚАРДАН» АРЫЛТУ ҚАЖЕТ

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ ҰЛЫТАУДЫҢ ЭКОЛОГИЯСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов пен бір топ депутат Ұлытау облысына жұмыс сапары аясында Жезқазған және Сәтбаев қалаларының тұрғындарымен кездесті.

Сапар барысында Ерлан Қошанов Сәтбаев қаласындағы №1 жылу стансасының жұмысымен танысып, еңбек ұжымымен және қала жұртшылығымен кездесіп, олармен экология және «қара қар» мәселелерін талқылады.

Мәжіліс Спикері атап өткендей, Сәтбаевтағы экологиялық мәселелердің басты себебі — көмір сапасы мен жылу электр стансасындағы фильтрлердің нашар жұмыс істеуі. Сондай-ақ ол Мемлекет басшысының бұл жағдайдан хабардар екенін және қаланың экологиясын ластаудың жүйелі себептерін жою үшін кешенді тексеру жүргізуді тапсырғанын атап өтті. Ерлан Қошанов облыс әкімдігі мен «Қазақмыс» компаниясының өкілдеріне жағдайды жақсарту және экологиялық проблемаларды, соның ішінде Сәтбаевтағы жылу электр стансасын газға көшіру бойынша кешенді шараларды шұғыл түрде қабылдау туралы талап қойды.

— Ескі фильтрлер сапасыз көмірден шыққан күл қалдықтарын ұстап тұруға шамасы жетпей отыр. Бұл қала экологиясына және тұрғындардың денсаулығына кері әсер етуде. Мұндай мәселені қысқа мерзімде шешу мүмкін емес екені түсінікті. Бірақ қазір барлық себепті толық анықтап, келесі жылы маусымына дейін нақты шаралар қабылдауымыз қажет. Кәсіпорын басшылығы, Энергетика министрлігі және



әкімдік бұл мәселені бірлесіп, уақыт созырмай шешуге тиіс. «Қара қар» сияқты келенсіз құбылыстардан түбегейлі арылуға бар күшімізді салуымыз қажет. Өз кезегінде, Мәжіліс депутаттары жағдайды бақылауда ұстайтын болады, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Кездесу қорытындысы бойынша облыс әкімдігі мен «Қазақмыс» компаниясының басшылығы келесі жылы маусымына дейін Сәтбаев

жылу стансасының тазарту жүйелерін жаңғырту бойынша барлық жоспарланған жұмыстарды аяқтауға міндеттеме алды. Іс-шараға қатысқан Энергетика министрлігінің өкілдері Ұлытау облысында жылу электр стансасын жаңғыртуда «инвестиция орнына тариф» тәсілі арқылы қолдау көрсетуге дайын екенін хабарлады.

Сондай-ақ Мәжіліс Спикері халықты жылумен үздіксіз қамтамасыз ету

соңғы жылдардағы ең маңызды мәселенің бірі екеніне назар аударды. Инженерлік инфрақұрылымның жағдайы Мемлекет басшысының ұдайы бақылауында. Елдегі тозығы жеткен қазандықтарды, инженерлік-коммуналдық желілерді жаппай жаңғырту жұмыстары еш пафоссыз және көзбояушылықсыз жүріп жатыр. Ол туралы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында айтты.

Мәжіліс депутаттары Жезқазған қаласындағы гидроцехтағы жұмыс барысымен де танысты. Ерлан Қошанов атап өткендей, Жезқазғанды ауызсумен қамтамасыз ету әлі күнге дейін ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. 2021 жылы Мемлекет басшысы бұл түйткілді шешуді тапсырған болатын. Қазіргі уақытқа дейін бірқатар шаруа атқарылғанымен, әлі де көптеген мәселе бар.

— Жезқазған тұрғындары сапалы ауызсуға мүмкіндігінше тезірек қол жеткізуі керек. Ол халықтың денсаулығы мен өмірдегі ахуалға тікелей әсер етеді. Бұл — барлық тараптардың, министрліктер мен әкімдіктің ортақ міндеті. Өз кезегінде депутаттар да осы жұмысқа белсене атсалысуға дайын, — деді Ерлан Қошанов.

Палата Спикері Жезқазғанды ауызсумен қамтамасыз ету мәселесін жерасты су көздерін пайдалану арқылы екі су құбыры — Есқұла және Үйтас-Айдос су жүйелері есебінен шешу жоспарланып отырғанын атап өтті. Бүгінде қажетті жобалық құжаттардың бәрі әзірленіп, нақты жұмыс көлемі белгіленген, бастапқы қаржы бөлінген. Кездесу барысында Су ресурстары және ирригация министрлігі мен облыс басшылығы өкілдерінің қатысуымен барлық мәселе жан-жақты талқыланды. Кездесу қорытындысы бойынша Мәжіліс Төрағасы 2025 жылы барлық мәселені шешуге және Жезқазғанды ауызсумен қамтамасыз етуге бағытталған нақты қадамдар жасалуға тиіс екенін ерекше атап өтті.

Сапар барысында депутаттар Сәтбаев қаласындағы Оқушылар сарайының жұмысымен, облыс орталығындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысымен танысып, сондай-ақ Жезқазған қаласының жұртшылығымен кездесті.

Мейір ЖАСЫН

ЕҢБЕК АДАМЫН ҚҰРМЕТТЕУ КЕРЕК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы жалғасуда. Еліміз бойынша мыңдаған қазақстандықтар қоғамдық орындарды, саябақтар мен алаңдарды тазалауға белсене атсалысып жатыр.



Ал коммуналдық қызметтер үшін ең ауыр кезең — көшелерді қардан және мұздан тазалау. Бұл ретте жұмысшыларға тәулік бойы еңбек етуге тура келеді. Осы күрделі жұмысты қолдау мақсатында «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты дәстүрлі «Кел, шөй шейік» акциясының басталғанын жариялады. Екі мыңнан астам белсенді бес мыңнан астам коммуналдық қызмет жұмыскерлеріне ыстық шөй мен бауырсақ ұсынып, қар тазалау жұмыстарында көмек көрсетті.

«Біз кез келген ауа райында қаламыздың тазалығын қамтамасыз ететін адамдарға алғысымызды білдіргіміз келеді. Олардың еңбегі кейде еленбей қалуы мүмкін, бірақ ол өте маңызды. Коммуналдық қызмет жұмысшыларын қолдай отырып, біз еңбек адамының қадірін арттырудың маңыздылығын көрсетеміз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, біздің қоғамдағы еңбеккерлік пен кәсібиліктің құндылықтары әрқашан бірінші орында тұруы керек. Сондықтан Мемлекет басшысы 2025 жылды жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады», — деді «Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыру және аумақтық жұмыс басқармасының басшысы Инжу Жұмайқызы.

Еріктілердің ыстық шайы мен жылы сөзі жұмысшыларға ерекше қуат пен жақсы көңіл күй сыйлайтыны сөзсіз.

«Мен Қостанай қаласында он жылдан бері аула тазалаушы болып жұмыс істеймін. Қыс мезгілінде қар мен аяздан қиындықтар туындайды. Бірақ осындай акциялар жүргізілгенде жылытады. Өз еңбегінің бағаланатынын сезіну — ерекше сезім», — деді Жібек Сабырханқызы.

Айта кету керек, былтырғы 6 маусымнан бастап «AMANAT» партиясының мыңдаған мүшесі мен «Жастар Рухы» белсенділері әр бейсенбі сайын «Таза бейсенбі» акциясына қатысып, қалалар мен ауылдарды, саябақтар мен алаңдарды, ескерткіштер мен су айдындарын қоқыстан тазартуда. Бүгінгі күні ел бойынша 90 мың тонна қоқыс жиналып, акцияға 50 мыңнан астам адам қатысты. Сонымен қатар өткен жазда «Жастар Рухы» жастар қанаты Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында экологиялық goad-эстафетасын ұйымдастырды. Бір апта ішінде 2 мыңға жуық адам «Астана — Алматы» тасжолын қоқыстан тазартты.

«AMANAT» партиясының «Кітап-AMANAT» партиялық жобасы аясында Шымкент қаласындағы №2 орталықтандырылған көпшілік кітапхана бөлімшесінде ұлы жазушы Ілияс Есенберлиннің 110 жылдығына арналған әдеби-мәдени іс-шара өтті. Жиынға партия филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ербол Байқонысов, кітапхана қызметкерлері, оқырмандар мен студенттер қатысты.

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННИҢ 110 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ

«AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында ұлттық мәдениетті қолдау маңызды міндеттердің бірі ретінде белгіленген. Соның аясында «Кітап-AMANAT» партиялық жобасы қолға алынып, республика көлемінде түрлі мәдени-ағартушылық іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Шымкентте өткен бұл әдеби жиында Ілияс Есенберлиннің өмірі мен шығармашылығына арналған баяндамалар оқылып, оның қазақ әдебиетіне қосқан елеулі үлесі талқыланды. Қатысушылар жазушының тарихи романдарындағы ұлттық бірлік пен елдік идеяларының маңыздылығын атап өтіп, оның шығармаларының қазақ мәдениеті мен тарихына деген қызығушылықты арттырғанын ерекше айтты.

«Ілияс Есенберлиннің шығармалары бізге ұлт тарихын теренірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл шара жазушының еңбектері мен оның ел болашағына қалдырған мол мұрасын жақсырақ тануға көмектесті», — деп өз әсерімен бөлісті студент Наргиз Жұмағалиқызы.

Ілияс Есенберлиннің шығармашылық жолын талқылау барысында оның қазақ әдебиетінің дамуына қосқан зор үлесі мен кейінгі ұрпаққа қалдырған құнды мұрасы кеңінен сөз болды. Жазушының шығармалары бүгінгі ұрпақ үшін ұлттық рухты, елдік сананы дәрiптeудiң жарқын үлгiсi ретiнде бағаланып келеді.

Айта кетейік, «Кітап-AMANAT» партиялық жобасы аясында республика бойынша 23 кітап орталығы жұмыс істейді. Бүгінге дейін жоба аясында 554 мәдени-ағартушылық іс-шара ұйымдастырылып, 13 мыңға жуық адам қамтылды.



14 ҚАҢТАР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ИНВЕСТИЦИЯ АҒЫМЫ ҚАЛАЙ АЙҚЫНДАЛМАҚ?

Әлемдік экономика жаңа даму кезеңіне қадам басып, дәстүрлі салалардағы капитал ағымы өзгере бастады. Инвесторлар тұрақты өсу мен заманауи технологияларды іздеп, шикізат секторларынан алыстап, жасыл технологиялар мен шикізаттық емес салаларға назар аударып бастады. Бұл үрдіс Қазақстан экономикасы үшін жаңа бағыттарды зерттеп, дамудың балама жолдарын іздейтін уақыт жеткенін көрсетіп отыр. Еліміздің экономикалық болашағын қайта қарау туралы ұсыныстар кейінгі онжылдықта биік-биік мінберлерде талай сөз болды. Ал соңғы уақытта шикізат секторларына инвестициялардың азаюы еріксіз-ақ сөзден іске көшуге мәжбүр етуде.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Бүгінгідей жаһандық өзгерістердің тарихи кезеңі — жасыл технологияларды дамыту және экономиканы әртарапандыруға басымдық беру арқылы мемлекет тұғырын тіктейтін уақыт. Дегенмен осы тұста аса маңызды сұрақ туындайды: Қазақстан экономикасы мұндай ауқымды өзгерістерге дайын ба? Қазір ел экономикасына тартылатын таза тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) өткен жылы өз тарихындағы ең төменгі деңгейге дейін төмендеді. Ұлттық банктің деректеріне сүйенсек, 2024 жылдың алғашқы 9 айында елге тартылған жалпы ТШИ көлемі күрт азайған. ТШИ-дың жалпы көлемі экономикаға инвестициялардың ауқымын көрсетсе, таза ТШИ нақты әсерді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл айырмашылық маңызды, себебі таза ТШИ көрсеткіші шетелдік инвесторлардың елден капиталды қайтарып алуы, қарыздарды жабуы және дивидендтерді шетелге аударуы сияқты факторларды камтиды.

Ұлттық банктің мәлімдеуінше, 2024 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Қазақстанға таза ТШИ көлемі бар болғаны 72,8 миллион АҚШ долларын құрады.



Бұл көрсеткіш 2023 жылдың сәйкес кезеңіндегі 3,4 миллиард АҚШ долларынан айтарлықтай аз. Ал жалпы ТШИ көлемі 12,7 миллиард АҚШ долларына жеткеніне қарамастан, таза көрсеткіш 98%-ға құлдыраған. Мұндай құлдырау елдің тәуелсіздік жылдарынан бері, яғни 2005 жылдан бергі ресми деректер бойынша ең төменгі деңгейге тен.

Бұл тенденцияны Үкімет басышы соңғы онжылдықта ірі инвестициялық жобалардың аяқталуымен түсіндіріп отыр. Мәселен, 2023 жылы да Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) жалпы көлемі 23,6 млрд АҚШ долларын құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 16,2%-ға төмендеген еді. Мамандар оның себебін 2022 жылы орнаған рекордтық жоғары көрсеткіштен деп және шикізат секторына, әсіресе мұнай мен газ өндіру саласына қайта инвестициялардың қысқаруымен байланыстырған болатын.

Сонымен қатар Үкімет басышы депутаттық сауалға берген жауабында 2024 жылдың алғашқы жартыжылдығында ТШИ көлемі 9,8 млрд АҚШ долларына жеткенін атап өтіп, бұл көрсеткіш 2023 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 27%-ға төмен екенін жеткізген болатын (13,5 млрд АҚШ долларынан азайған).

«Инвестициялардың азаюы әсіресе тау-кен өнеркәсібінде (28,5%-ға), соның ішінде мұнай және табиғи газ өндіруде (1,9 млрд АҚШ долларына), сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінде (49%-ға) байқалды. Металлургия өнеркәсібінде бұл көрсеткіш 1,4 млрд АҚШ долларына төмендеген. Тәу-

кен өнеркәсібі, оның ішінде мұнай мен газ өндіру, ТШИ ағынының үлкен үлесін (37%) иеленгенімен, тәуелсіздік жылдарындағы ең ірі жобалардың бірі — «Тенішевстрой» Болашақ кеңейту жобасы/Сағалық қысымды басқару жобасының (БЖЖ/СҚБЖ) аяқталуы 2023 және 2024 жылдары бұл саладағы инвестициялардың айтарлықтай қысқаруына алып келді. Жоба шеңберіндегі инвестициялар көлемі жылдар бойынша айтарлықтай азайып отырған: 2019 жылы — 3,6 трлн теңге, 2020 жылы — 2,6 трлн теңге, 2021 жылы — 1,9 трлн теңге, 2022 жылы — 1,8 трлн теңге, ал 2023 жылы бұл көрсеткіш 1,6 трлн теңгеге дейін төмендеген», — деді О.Бектенов.

Алайда осы тектес ауқымды жана ірі жобалардың болмауы алдағы жылдары да ТШИ ағынының төмендеуіне алып келуі мүмкін екенін атап өту қажет. Бұл жағдай экономиканың шикізат секторына тәуелділігін азайту және жаңа инвестициялық мүмкіндіктерді қарастыру қажеттігін одан әрі айқындап отыр.

Экономист Ғалымжан Айтқазин ҰБҰсынған деректерді негізге ала отырып, Қазақстанның шетелдік инвестициялар саласындағы жағдайын екі түрлі көрсеткіш арқылы сипаттайды. Біріншіден, елге тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) жалпы ағы-

сінше, сыртқы инвестициялар тек қаржылай көмек қана емес, сонымен қатар технологиялар, біліктілік пен тұрақты жұмыс орындарын да алып келеді. Бұдан бөлек, сыртқы инвесторлар тартылған кезде жаһандық инвестициялық қорлар мен жекеменшік инвесторларды да экономикаға тарту әлдеқайда оңай әрі тиімді болады», — дейді экономист.

Дегенмен әлемдік нарықта тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) жалпы ағынының төмендеуі байқалған. Мәселен, ЮНКТАД-тың «World Investment Report 2024» есебінен 2023 жылы жаһандық ТШИ ағындары 2022 жылмен салыстырғанда 2%-ға төмендеп, 1,3 трлн АҚШ долларын құрағанын көруге болады. Бұл құлдырауға Еуропаның «жолсерік» елдері деп танылған Люксембург пен Нидерландыдағы қаржы ағындарының күрт ауытқуы негізгі себеп болды. Дегенмен бұл елдерді есепке алмағанда, 2023 жылы жаһандық ТШИ көлемі 10%-дан астамға төмендеген.

Әлемдік экономикадағы өсу перспективаларының белгісіздігі, экономикалық құлдырау үрдістері, сауда және геосаяси шиеленістер, сондай-ақ өнеркәсіптік саясат пен жеткізу тізбегін әртарапандыру шаралары ТШИ құрылымына елеулі өзгерістер енгі-



Бытырғы жыл экономикадағы өзгерістер жылжымайтын мүлік нарығына қозғау салып кетті. Әсіресе, жыл соңындағы доллардың қымбаттауы баспанаға деген сұранысты күрт арттырса, бағасын да өсуге сәл-сәл итермелеу кетті. Сарапшылар қауымы алғашқы жартыжылдықта баға өсімі қарқын алуы мүмкін екенін айтады. Оның бірнеше себебі бар. Ендеше сөз басында тұрғын үй саудасын бірінші, екінші нарық, ескі қор және жалдау сегменті деп бөліп алып, қазіргі ахуалға назар салып көрелік.

МҮЛІК НАРЫҒЫ МҮЛГИ БЕРМЕЙДІ

А Нұрлан ҚОСАЙ

АСТАНАДА РЕКОРД ТІРКЕЛДІ

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарасақ, желтоқсан айында еліміз бен Астана қаласының жылжымайтын мүлік нарығында рекорд орын алған екен. Тұрғын үйді сату-сатып алу бойынша елордада 9 911 мәміле жасалған. Бұл қараша айымен салыстырғанда бақандай 42%-ға артық. Ал 2023 жылдың желтоқсан айына қарағанда, 38%-ға көп. Сол сияқты ел бойынша да осындай белсенділік байқалып, жылдың соңғы айында мәмілелер саны 50 мыңнан асып түскен. Бұл қараша айынан 27%-ға, алдыңғы желтоқсан айынан 32%-ға жоғары. Бұл 50 046 операцияның 39 558-і пәтерлер болса, 10 488-і — жер үйлер. Соның ішінде пәтерлер көп ретте Астана, Алматы қалаларында және Қарағанды облысында сатылған екен. Ең көп өткені екі бөлмелі пәтерлер болыпты. Ал жер үйлерге сұраныс Қызылорда, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстарында жоғары болған.

«Осы ретте елімізде құрылымайтын мүлікке деген сұранысты арттырып, нарыққа жан бітірген оқиға — зейнетақы жинағын алуға берілген рұқсат екенін білесіздер. Сол 2021 жылы рекордты түрде 606 056 мәміле жасалған болатын. Содан бері осы зейнетақы қоры үлкен рөл ойнап келеді. Мәселен, 2022 жылы уақытша үзілістен кейін сәуір айында шектік мөлшер орташа 70%-ға көтерілгеннен арқасында 465 822 мәміле жасалды. 2023 жылы да еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлікке шыққандар есебінен де кішкене серпін болып, мәміле саны 370 551-ге жетті. Ал бытыр зейнетақы жинағын алуға тыйым салынуы мүмкін деген әңгіме шықты да, нарықта жаздың кезінен-ақ үлкен қозғалыс басталды. Сондай-ақ жанадан қосылған «Отау», «Наурыз» ипотекалары, одан бұрынғы «7-20-25», «Ұмай», «Жасыл ипотека» бағдарламалары да ішінара ықпал етті. Одан бөлек, тасқын судан зардап шеккендерге баспана сатып алып беру есебінен мәміле саны көбейе түсті. Оған доллар бағамының өсуі қосылды. Осылайша, мәміле саны 432 982-ге жетті. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 16%-ға көп», — дейді экономист Асылбек Күздеубайұлы.

Оның айтуынша, тағы бір шешуші фактор — мемлекет тарапынан тұрғын үй нарығындағы сұранысты ынталандырудың күрт артқаны болуы мүмкін. Өйткені Үкімет биылғы жоспарға сәйкес тұрғын үй құрылысын мемлекеттік қолдау шамамен 1 триллион теңге (965 миллиард теңге) болатынын хабарлады. Ол тұрғын үйді жалға алу немесе сатып алу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларға бағытталған. Алдыңғы жылмен салыстырғанда бытыр мемлекеттік ынталандыру көлемі 2,3 есеге артқан. Салыстыру үшін айта кетсек, өткен екі жылда тұрғын үй нарығын ынталандыруға 850 миллиард теңге бөлінген.

Қай болжам да баға қымбаттайтынын меңзейді

Мамандар бытыр желтоқсан айында басталған жасырын

дүрлігі ашық хаосқа ұласып кету мүмкін екенін айтады. Өйткені мұның барлығы адамдар үй қымбаттап кетеді деп қорқып, қолындағы ақшасы күнсызданып кетпесін деп, баспана алып қалуға тырысқанын білдіреді. Ендеше бұл дүрлігі сакталып жатыр ма, оны келесі айда білетін боламыз. Әзірге белгілісі желтоқсан айында сұраныс қанша жоғары болса да бағаның қатты өсе қоймағаны. Мәселен, бірінші нарық, яки құрылыс салушы пайдалануға беретін жана үйлердің орташа бағасы 1 шаршы метріне 500,2 мың теңге болған. Бұл алдыңғы жылғы желтоқсан айымен салыстырғанда 3%-ға артық. Соның ішінде ең қатты қымбаттағаны — Ақтөбе (+12,8% — 286 мың тг/м²), Көкшетау (+10,1% — 319 мың тг/м²), Тараз (+10% — 372 мың тг/м²) қалаларында. Астанада (+3,8% — 595,4 мың тг/м²), Алматыда (+0,9% — 582 мың тг/м²), Шымкентте (+5% — 444,1 мың тг/м²) қатты қымбаттамаған. Атырауда (-4,7% — 394,3 мың тг/м²) Өскеменде (0,8% — 376,3 мың тг/м²) керісінше кішкене түскен.

«Екінші нарықта бір жылдың ішінде баға 4,2%-ға, яки 516 мың тг/м² боп қымбаттаған. Соның ішінде Атырауда 16,9%-ға (475,5 мың тг/м²), Астанада 12,9%-ға (649,7 мың тг/м²), Қонаевта 10,1%-ға (450,4 мың тг/м²) қымбаттаған. Оған керісінше, Өскеменде баға 3,6%-ға (371,6 мың тг/м²), Алматыда 3,3%-ға (588,6 мың тг/м²), Шымкентте 3,2%-ға (421,1 мың тг/м²) түсіп кеткен.

Жалдау ақысына келсек, 8%-ға (4,5 мың тг/м²) өскен. Соның ішінде Талдықорғанда 26,6%-ға (3,2 мың тг/м²), Астанада 25,8%-ға (4,9 мың тг/м²), Шымкентте 18,6%-ға (3,7 мың тг/м²) қатты қымбаттаған. Ал Алматыда 0,3%-ға (5,3 мың тг/м²) және Түркістан қаласында 1%-ға (2,4 мың тг/м²) арзандаған», — делінген ҰСБ хабарламасында.

Осы ретте сарапшылар биыл да баға қымбаттауы жалғасады деп болжап отыр. Оған бірнеше себеп бар. Елімізде соңғы 15 жылда тұрғын үй бағасы тек өсумен келеді. Жылна 9-10% өсіп отыратын бұл құбылысты экономистер проблема ретінде емес, инвестиция салатын нарық құралы ретінде қарауды ұсынады. Бұл бір жағы тұрғын үй сегментін дамыта түссе, екінші жағынан жылжымайтын мүлік дегеніміз — әлемдегі капиталды сақтаудың кен тараған жолы. Десе де, оның әлеуметтік теріс салдары да бар.

«Экономикалық тұрақсыздықтар кезінде жылжымайтын мүлік құнына әсер ететін факторлар көп. Соның ішінде шетелдік валюта, тауарлардың қымбаттауы мен өсіп бара жатқан инфляция бар. Біз импортқа тәуелді мемлекет болғандықтан құрылыс материалдарының көбі шетелден әкелінеді, сондықтан есеп айырысу негізінен доллар арқылы жүреді. Доллар қымбаттаған сайын олар да қымбаттай түседі. Сол сияқты халықаралық нарықта цемент, металл, ағаш сынды құрылыс материалдарының, энергия тасығыштар мен логистиканың бағасы қымбат болып тұр. Оған ілесе құрылыстың әрбір шаршы метрі де қымбаттауда. Ал инфляцияға келсек, бір жылда елімізде тауарлар мен қызметтердің инфляциясы 8-13% аралығын

құрап отыр. Олда қымбатшылыққа әкеледі. Мұның барлығы сатып алушылардың төлем қабілетіне теріс әсер етеді», — дейді QAMS мүшесі, қаржы кеңесшісі Әсел Әуелбекова.

Оның айтуынша, тұрғын үй бағасына әсер ететін тағы бір фактор — ірі қалалардағы көші-қон. Астана, Алматы, Шымкент мегаполистерінде адам көбейіп бара жатқандықтан, ол қалаларда үй бағасындағы қымбаттау тенденциясы сакталып қалып отыр. Жеңілдікті ипотека да сұранысты арттырып, бағаның өсуіне әсер етуде. Мамандар сондай-ақ 2026 жылдан бастап қосымша күн салуына (КҚС) қатысты жеңілдіктер алынып тасталатын болса, онда тиімді мөлшерлеме көлемінде тағы да баға өсіп кететінін айтады. Бұл — 10% жобасында қосымша сома.

«Үкімет тарапынан қабылданатын шаралар кей тұста бағаның өсуіне де алып келуі мүмкін. Мәселен, құрылыс салушыларға қойылатын талаптар қатаңдатылған тұста олардың қатары азаяды да, соған сәйкес қалаларда салынатын нысандар саны да азаяды. Естеріңізде болса, биылдан бастап үлескерлік шарттан басқа шарттарды жасасуға тыйым салынабақ. Бұл өз кезегінде ұсыныстың азаюына және сұраныстың артуына, яки бағаның көтерілуіне әкеледі», — дейді экономист Асылбек Күздеубайұлы.

Экономист-сарапшылар алдағы жарты айда бірінші кезекте бірінші нарықта салынатын жана үйлер қымбаттауы мүмкін деп отыр. Өйткені шетелдік валюта кері арзандамай тұр. Сатып алушылар тарапынан сұраныс жоғары, тұрғын үй, яки ұсыныс аз. Салыққа қатысты, құрылысқа қатысты талап күшейетіндіктен, құрылыс салушылар көлемі кішкентай үйлер салуға көше бастауы мүмкін. Өйткені арзан үйлер сұранысқа ие. Статистика бойынша, сатып алушылардың 70%-ы жөндеу жұмыстарына шығындалмау үшін екінші нарыққа, яки таза әрленген немесе қоныстануға дайын үйлерге көбірек көңіл бөле бастады.

«Елімізде биыл мәмілелер саны 5-10%-ға өсуі мүмкін. Оған себеп көп. Соның бір себебі — енгізілгені жатқан ислам ипотекасы. Алдын ала есеп бойынша алдағы 5-10 жылда бұл қаржы құралы бойынша нарыққа 2,94 трлн теңге құйылады деген болжам бар. Әсіресе, Алматы мен Астана қаласы басты үміткер ретінде қарастырылып отыр. Сол себеп қазір нарыққа қатысушы тараптар баға мен мәмілені өсіру бағытында түрлі акцияларды қолға ала бастады», — дейді Krishna.kz сату бөлімінің жетекшісі Имран Османов.

Түйіндей айтқанда, Қазақстанда тұрғын үй тапшылығы әлі де болса сақталып қалмақ. Норма бойынша бір адамға 30 шаршы метрден келу қажет болса, бүгінде бұл көрсеткіш 24 шаршы метрді құрайды. Нарықтағы сұранысты толық қанағаттандыру үшін елімізде 120 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілу керек, бірақ біздің жылна 16-18 млн текше метр қарқынмен оған қашан жете алатынымыз белгісіз.

Осыдан бірер апта бұрын күнтізбе парағы жаңарып, жаңа жыл есігін қақты. Жыл сайын дастарқанын жарқыратып, айналаны «жылтыраған» мерекелік безендіруге толтыратын отбасылар үшін бұл мерекені отшашусыз елестету мүмкін емес. Жаңа жыл мен отшашу қуаныш пен мерекенің ажырамас символына айналды.

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Алайда бұған дейін пиротехникадан төнер қауіп пен оның салдары туралы талай рет айтылды да, жазылып та жатыр. Тиісті органдардың дабыл қағуына қарамастан, жыл соңында сәтсіз оқиғалардың саны артатынын жиі байқаймыз.

қалғандары бет, көз және мойын жарақаттары. Сондай-ақ мереке күні келіп түскен өтініштердің негізгі себептері кенеттен болатын аурулар, тұрмыстық жарақаттар, күйіктер, ішімдіктен және тамақтан улану екені анықталды, — деді Жедел медициналық жәрдем қызметінің медициналық бөлімі бойынша директордың орынбасары А.Ложкин.

ОТ ШАШАМ ДЕП ОТ БАСПА

Мәселен, биыл елімізде жана жыл күндері 63 адам отшашудың кесірінен жарақат алған. Олардың ішінде 20-сы — бала. Жарақат алғандардың ішінде ең көбі Алматы қаласында тіркелген. Аспанға «салют» атымын деп ауыр қайғыдан аман қалған алматылық 19 адам қазір пиротехниканың зардабын тартып отыр. Алматы қаласы Жедел медициналық жәрдем қызметінің медициналық бөлімі бойынша директордың орынбасары Андрей Ложкиннің мәлімдеуінше, «103» пультіне мереке күндері 23 мыңнан астам шақырту келіп түскен. Оның 16 мыңына жедел

125 МЫҢНАН АСТАМ ЗАҢСЫЗ ПИРОТЕХНИКА ТӘРКІЛЕНГЕН

Елімізде пиротехника — лицензияланған қызмет түрі. Бұл дегеніміз — жана жыл қарсаңында саудасы қыза түсетін кәсіпкерлердің өнімі белгіленген стандарттарға сай болуға тиіс. Алайда осыған қарамастан заңсыз саудамен айналысып, қалтасын қампайтуды көздейтін азаматтар әлі күнге дейін кездеседі. Ішкі істер министрлігінің дерегіне, сертификатталмаған пиротехникалық бұйымдардың заңсыз саудасы фактілерін анықтау және



Онымен қоса, іс-шара басталғалы бері полиция бөлімшелері ӘҚБтК-нің 196-бабы (Тауарлардың немесе басқа заттардың заңсыз айналымы) бойынша 134 құқықбұзушылық жағдайларын тіркелді.

Ақхалаттылар отшашудың құрамындағы заттар адам денесіне жарақат іздерін салып қана қоймай, түрлі қатерлі ауруға шалдықтыратынын айтып дабыл қағады. Таяуда жана жыл түні аспанда атқылап, жарк-жүрк еткен фейерверктер туралы ұшақтан түсірілген видео тараған еді. Артынша алматылықтар онсызда тұманнан көзі ашылмайтын шаһардың ауасы мереке күні көк түтінге оранғанын айтып, әлеуметтік желіде жарыса жазды. Дәрігерлер пиротехникадан шыққан мұндай түтін тыныс алу жолдарына кері әсер етіп, өкпені зақымдайтынын ескертті. Тағы бір атап өтерлік жайт, пиротехниканы өндірушілер отшашу жарылғанда түрлі реңктерді беру үшін бірнеше химикаттарды қатар қолданады. Мысалы, салют құрамындағы барий тұздары жасыл түсті берсе, литий мен стронций кызғыл немесе қызғылт түс, титан мен магний ақ түс, мыс көк түс ретінде көкте атқылайды. Нәтижесінде, отшашу түтіні мен қалдықтарының құрамындағы метал тұздары немесе тотығы өнімдері ауаны ластап, адам денсаулығына кері реакцияларды тудыруы ықтимал.

ТҰТЫНУШЫНЫҢ ЗАҢДЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ТАЛАП ЕТУГЕ ҚҰҚЫСЫ БАР

Жоғарыда кәсіпкерлердің пиротехникалық өнімі заңда көрсетілген ережелерге сәйкес болуы қажет екенін айттық. Ал

тұтынушы отшашудан зардап шеккен жағдайда заң алдында өз құқығын қалай қорғауы қажет? Сатып алушы дүкеннен отшашу сатып алар алдында сауданың заңды екеніне көз жеткізу үшін сатушыдан қандай құжаттарды сұрауға құқылы? Біз тілдескен заңгер Тілеужан Кішкенебаев от шашамын деп от басқандар көп жағдайда сатып алу кезіндегі қарапайым ережелерді сақтай бермейтінін атап өтті.

— Отшашуды пайдалану кезінде үй иесінің кесірінен өзге адам жапа шексе, яғни басқа адамға тиіп кеткен жағдайда отшашуды дұрыс қолданбаған адам жауапты болады. Мәселен, кейбірі салют атымын деп көршісінің қорасын, үйін өртеп алып жатады. Егер отшашу атқан адамның кінәсі дәлелденсе, сол адамға жауапкершілік артылады. Заң кінәлі адамдарды анықтап, айыпталушыға тиісті шараларды қолданып, тұтынушының немесе зардап шегушінің құқығын қорғауға міндетті. Кінәлі адамға қатысты шара қолданғаннан кейін материалдық, моральдық шығындарды өндіріп алуға болады. Дегенмен отшашуды қолданған адамның кінәсі дәлелденуі қажет, — деді ол.

Заңгер кез келген азамат отшашу сатып алар алдында дүкен иесінен пиротехниканың заңды екенін растайтын құжаттарды сұрауға әрдайым құқылы екенін, өкінішке қарай, тұтынушы тарапынан сұраныс болмаған соң, кәсіп иелері де бұл мәселені назарға алмайтын алға тартты.

— Егер сатушы лицензия талап етілетін пиротехниканы заңсыз саудаласа, құзыретті органдар оны кінәлі деп тауып,

дүкен иесі әкімшілік хаттама толтыруы мүмкін. Тыйым салынған затты сатқаны үшін қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылық туралы жауапкершілікке тартылады. Тұтынушы сатушыдан тауардың қандай да бір құжаттамасын, заңды екенін растайтын сертификатын, сапасына қатысты қағаздарды талап етуге құқылы. Алайда бізде көпшілігі мұндай құжаттарды талап етпей, тауарды сатып ала береді. Тұтынушының заңды құжаттарды талап етуге құқысы бар және талап етуге тиіс. Сонда ғана ол пиротехниканың сапасына, қауіпсіздігіне көз жеткізе алады. Дүкен иелері, кәсіпкерлер көп жағдайда пиротехниканы баралықадан көтерме бағада сатып алады. Егер тұтынушы дәлел қағаз сұрамаса, сатушы мұны әкелмейді. Сатып алушы заңдылықты талап етсе, кәсіпкерлер де отшашу сатып алған орнынан құжаттарды сұрай бастайды, — деді заңгер Т.Кішкенебаев.

Пиротехника сатып алар алдында ең алдымен қаптамаға назар аударып, оның жарамдылық мерзіміне мән беру қажет. Өрмен қарай дүкен иесінен сапа сертификатын тексеріп, өндіруші елдің белгісі мен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды сұрауы қажет. Өнімді барынша сертификатталған және лицензияланған дүкендерден сатып алған абзал. Отшашуды пайдалану жөніндегі нұсқаулықты міндетті түрде оқып шығу маңызды. Мамандар пиротехниканы тек ашық алаңдарда атуға, сондай-ақ отшашуды қолданар алдында ауа райын ескеруге (желдің болмауына) кеңес береді.

Елімізде пиротехника — лицензияланған қызмет түрі. Бұл дегеніміз — жана жыл қарсаңында саудасы қыза түсетін кәсіпкерлердің өнімі белгіленген стандарттарға сай болуға тиіс. Алайда осыған қарамастан заңсыз саудамен айналысып, қалтасын қампайтуды көздейтін азаматтар әлі күнге дейін кездеседі.

жәрдем бригадалары қызмет көрсетті. Бұл үшін күн сайын 500-ден аса қызметкер жұмыс істейтін 186 бригада тартылған. Былтырғымен салыстырғанда қоныраулар саны 5-6 пайызға өскен.

— Жана жыл күндері жедел жәрдем қызметіне келіп түскен қоныраулардың 10-13 пайызы — жарақат алғандар. Биыл пиротехникадан 19 адам жарақат алса, олардың шамамен жартысы — балалар. Былтырғы жылы осыған ұқсас 13 жағдай болып еді. Пиротехникадан зардап шеккен жалпы саны 19 адамның 55 пайызында аяқ-қол жарақаттанған,

жолын кесу, заңды тұлғалардың азаматтық пиротехникалық заттар айналымының белгіленген ережелерін сақтау мәселесін бақылау мақсатында 2024 жылғы 5 желтоқсан мен 2025 жылғы 3 қаңтар аралығында өткізілген «Пиротехника» жедел алдын алу іс-шарасы аясында елімізде 125 мыңнан астам заңсыз пиротехника тәркіленген. 1 480 заң құқықбұзушылық анықталып, кінәлі деп табылған азаматтар әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Соның ішінде Алматы қаласы бойынша жыл соңында 1 482 қораптан астам пиротехникалық бұйымдар анықталды.

Жыл басталғалы Қарағанды облысында бірнеше өрт оқиғасы тіркелді. Қарқаралы ауданына қарасты Томар ауылында мешіт жанып кетті. Қарағандыда өрт салдарынан екі бала қайтыс болды, тағы екі бала және 60 жастағы әйел ауруханаға жеткізілді. Жалпы, өткен 2024 жылы облыс аумағында 580 өрт тіркеліп, 33 адам қаза тапса, 28 адам жарақат алды.

ӨРТТЕН САҚ БОЛ, АҒАЙЫН!

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Төтеншеліктер өрттің негізгі себебі — электр жабдықтарын монтаждау және техникалық пайдалану ережелерін бұзу; автокөлік құралдарындағы сымдардың қысқа тұйықталуы; отпен абайсыз жұмыс істеу және пештерді орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу екендігін айтады.

Екі баланың өмірін жалмаған қайғылы оқиға 9 қаңтарға қараған түні Қарағанды

бойынша қылмыстық іс қозғалды және сараптама тағайындалды. Жылыту кезеңінде тұрмыстағы өрттердің алдын алу жұмыстары жалғасуда», — деді төтеншеліктер.

Теміртауда бес қабатты тұрғын үйдің төртінші қабатындағы пәтерден өрт шығып, пәтер иесі көмірқышқыл газынан уланып қайтыс болды. Майқұдықтың «Восток-3» ықшамауданындағы көпқабатты тұрғын үйдің бірінде орамал тұтанып, қалың түтін үйді алып кеткен. Оқиға орнына құтқарушылар дер кезінде

секторында өрт профилактикасы жоспарына сәйкес, тамыздан бастап жүргізілініне қарамастан, өрт шығу жағдайлары былтырғы жылмен салыстырғанда 36,7 пайызға өскен. Одан бөлек, пештен бөлінген улы газдан бес адам зардап шекті. Оның екеуі — бала. Өрттің алдын алу үшін жауапты қызмет-

— Бірақ өрт, әдетте ескі және тозығы жеткен, жанғыш құрылыс конструкциялары бар, пайдалану мерзімі 50-70 жылдан асқан жеке тұрғын үйлер мен құрылыстардан шығады. Өрт жағдайына халықтың әлеуметтік жағдайы үлкен әсер етеді. Яғни, бұл аз қамтылған немесе қоғамға жат өмір салтын ұстанатын халықтың топтары. Өрттің пайда болуының негізгі себептері — отты абайсыз пайдалану, пешті пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу. Төтенше жағдайлардың алдын алу, адамдардың жарақаттануын болдырмау мақсатында өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қажет. Барлық азаматтардан өз қауіпсіздігі мәселесіне мұқият және байыпты қарауды сұраймыз, — деді Құрмет Жүмекенов.

Ал газ баллондарының жарылу себептерінің бірі — автогаз құю стансаларында тұрмыстық газ баллондарды бақылаусыз толтыру екен. Стансаларда газ баллондарын толтыру кезінде норма, толтыру пайызы сақталмайды. Техникалық қызмет көрсетуді айтпағанда, оларға тексеру де жүргізілмейді. Баллондарға газды рұқсат етілген қысымнан артық толтырғанда, жылу әсерінен жарылуы пайда болады.

— Тұрмыстық газ баллондарын толтыру тиісті технологиялық регламентке сәйкес орындалады. Бұдан басқа толтырар алдында жарамдылық мерзімі және келесі куәландыру тексеріледі. Қажет болған жағдайда жөндеу, өзекті ауыстыру, дәнекерлеу жұмыстары, қақпақтарға арналған сақиналарды қайта отырғызу, вентильдерді ауыстыру, куәландыру және басқа да жұмыс түрлері жүргізіледі. Ал жарамсыз газ баллондары жоюға жіберіледі, — деді Құрмет Рахметұлы.

Оның айтуынша, екі қабаттан асатын көппәтерлі тұрғын үйлерде тұрмыстық газ баллондарын сақтауға және пайдалануға тыйым салынады. Сондай-ақ баллондарды суықтан жылы жерге кіргізгенде жылыту аспаптары мен пештердің жанына қоюға болмайды. Тұрмыстық газ баллондарын тек мамандандырылған стансаларда толтыру керек. Ал оның сыйымдылығы 85%-дан аспауы керек екен.

Төтенше жағдайлар департаменті сондай-ақ жұмыс істеп тұрған газ құрылыстарын қараусыз қалдырмауды, газдың шығуын тексеру үшін ашық отты пайдаланбауды және балаларға газ құрылыстарын пайдалануға жол бермеу керек екенін ескертті.

Өрт, әдетте ескі және тозығы жеткен, жанғыш құрылыс конструкциялары бар, пайдалану мерзімі 50-70 жылдан асқан жеке тұрғын үйлер мен құрылыстардан шығады. Өрт жағдайына халықтың әлеуметтік жағдайы үлкен әсер етеді. Яғни, бұл аз қамтылған немесе қоғамға жат өмір салтын ұстанатын халықтың топтары.

қаласындағы Пришахтинская көшесінде, екі пәтерлі тұрғын үйде тіркелді. Өрт шатырды және үйдегі жиһаздарды шарпыған. Құтқарушылар келгенге дейін 2017 және 2022 жылдары туған екі бала өздігінен сыртқа шығып үлгерген, оларды Балалар клиникалық ауруханасына жеткізді.

Алдын ала диагноз бойынша зардап шеккендер көміртегі тотығымен уланған. Өрттен кейін құтқарушылар 2020 және 2022 жылы туған екі баланың денесін тапты.

«Өрттің себебі — электр сымдарының қысқа тұйықталуы. Аталмыш дерек

жетіп, ес-түссіз күйде жатқан тұрғынды құтқарып қалды.

Негізінен, өрт көбінесе жеке үйлердегі пештен де болып жатады. Сонымен қатар газға да мән берген жөн.

Былтыр облыс аумағында газ баллонымен байланысты сегіз жазатайым оқиға тіркеліп, төрт адам қаза тапты. Тоғыз адам зардап шекті.

Қарағанды облысы Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы басшысының орынбасары, азаматтық қорғау майоры Құрмет Жүмекенов:

— Өрт пен көміртегі тотығымен уланудың алдын алу жұмыстары тұрғын үй



14 ҚАҢТАР 2025 | СЕЙСЕНБІ

САЙЫН ШЫРАҚШЫНЫҢ ШАМЫ СӨНДІ

Қазақ руханияты тағы да қара жамылды. Алыптар көшіп барды. Абайтанушы, бауыржантанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлына да уақыт жетіпті. Ғұмырын ғылым жолына арнап, ғақылы ғасырға жүк болатын дүниелер жазып, өшпес мұра қалдырған ғалымның қазасы қазақ жұртының қабырғасын қайыстырды.

1930 жылы 9 мамырда Түркістан облысы Түлкібас ауданы Мәйтөбе ауылында туған ғалымның балалық шағы алапат ашаршылық заманымен тұспа-тұс келді. Бауырларынан, әке-шешеден ерте айырылған қазақтың қайсар ұлы ерте жастан білімге зейін қойды. 1948 жылы қазіргі Тұрар Рысқұлов ауылындағы Абай атындағы қазақ орта мектебін бітірді. 1953 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін, 1964 жылы аспирантурасын бітірген. 1965 жылы академик Қажым Жұмалиевтің жетекшілігімен «Абай Құнанбаевтің әдеби мұрасын зерттеу» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. 1989 жылы «Мұхтар Әуезов және абайтану ғылымы мәселелері» атты тақырыпта докторлық диссертациясын жазған. Ол абайтану ғылымына көп үлес қосқан ғалым ретінде танылған. Ол сонымен бірге қолбасшы, жазушы Бауыржан Момышұлының өмірін де зерттеп, бауыржантану ғылымы орталығына жетекшілік еткен. Ашық дереккөздерге сүйенсек, Мекемтас Мырзахметұлы совет дәуірінде Ресейдің Қазақстанда жүргізген саясатын әшкерелеп, («Қазақ қалай орыстандырылды?», 1993) қазақ жеріндегі топонимдер мен антропонимдердің саяси-әлеуметтік сырларын ашып, қоғамдық ой-санаға ықпал еткен. Абай шығармаларын жаңа қырынан талдап, ондағы айтылмай келген шығыстық мәселелер мен танылмай келген ойларды, шығыстық термин сөздерді бүгінгі күн талабы тұрғысынан жаңаша қорытып, ғылыми айналымға түсірген. «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деп жазған Абай жұмбағының жауабын тапсам деген жолда Мекемтас Мырзахметов 60 жыл ізденіс жасап, 90 жасқа келгенде Абай армандаған «толық адам» формуласын түзді.

«Толық адам» ілімі арқылы жастарды тәрбиелей аламыз. Алланың бойындағы сегіз сипат адамда да бар, бірақ Алладағыдай толық емес. Сондықтан бойымыздағы сегіз сипатты Аллаға еліктей отырып күрделендіріп, жөндеуіміз керек. Соған ұмтылуымыз керек. «Толық адам» ілімі содан барып шығалы, — деген еді Мекемтас Мырзахметұлы. Осылайша, ғалым Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында әрқайсысы 400 беттен тұратын Абай туралы еңбегінің он томдығын шығарды.

Осындай өнегелі ғұмыр кешіп, мол мұра қалдырған Мекемтас Мырзахметұлы марапаттан кенде болмады. Оған 1989 жылы филология ғылымдарының докторы, 1995 жылы профессор құрметті атағы берілді. 1996 жылы ғылым саласындағы ерен еңбектері үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығын алды. 2001 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды. 2003 жылы «Түркі әлеміне сіңірген еңбегі үшін» халықаралық сыйлығының лауреаты атанды. Бауыржан Момышұлының атындағы «Құрмет белгісі», «Парасат» ордені берілді. 2019 жылы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев І дәрежелі «Барыс» орденін табыстады. «Толық ілімді» тәпсірлеп, толағайдай ұлт руханиятын биікке көтерген, тоқтаусыз толайым шығармалар жазған ғалымның аты өшпек емес, хаты өлмек емес. Себебі «ғалымның хаты өлмейді».

АБАЙТАНУДЫҢ АБЫЗ АҚСАҚАЛЫ

Абайтанудың абыз ақсақалы, қазақтың азат рухының қайраткері, «ақырын жүріп, анық басатын» Мекемтас аға тоқсанды алқымдап, артына қаратаудай мұра қалдырып дүниеден озды. Ғасыр жасаған ғұмырында «жайнаған туы жығылмай» кетті. Күні кешеге дейін санасы сергек, әдетінен Абайды жатқа оқып, оның «мораль философиясын» тәптіштеп, қазақтың ұлттық намысын түрткілейтін тәмсілдер айтудан жалыққан емес. Қаламын да қолынан түсірмеді. Өткен жылдың қара күзінде ғана «Абайдың шығыстық әлемі» деп аталатын көлемі 55 табақтан тұратын монографиясын әкеліп, институтқа табыстап кетіп еді. Бұл — абайтанудың абыз ақсақалына айналған ғұлама ғалымның кенестік дәуірде қақпай көрген «Абайдың Батысынан көрі басым — Шығыс әлемін» ұзақ жылдар зерделеген қыстығы тақырыптың толғамды қорытындысы болатын. Осы арқылы тәуелсіз санаға серпіліс беретін келешегі кең даңғыл жолдың көкжиегін кенітіп еді...

«Мен Абайға «мәнгүрт» болып келдім. Алғашында түсінбедім. Кейіннен қорықтым. Қайталап оқып жүріп, қалай кіріп кеткенімді өзім де білмей қалдым...», — деп бастайтын абайтануға қалай келгені жөніндегі әңгімені. «Менің түсінбегенім сол — кенестік ғалымдардың Абайдан атеист, коммунист жасағандары еді. Соны айтпа деп басым бөлеге қалды!» — деп сырбаз жалғастырушы еді әңгімесін. «Алланың Әлі де рас, сөзі де рас...», «Сен де сүйіп ол Алданы жаннан

төтті» деп жырлаған ақынды қалай атеист, коммунист деуге болады?...» «Ақыры, дәріс мені қорғатпайтын болды, содан мен Мұханның ығын паналадым. Сөйтіп, диссертация тақырыбын «М.Әуезов және абайтану проблемалары» деп алдым да, Мұханның құныға оқыған сайын, «мәнгүрт» санасына жарық сәуле дарып, көкірек көзінің ашыла түскенін айтудан жалықпайтын. Қандай тақырыпты қозғамасын барлығына ұлы Абайдан тиянақ табатын, онысын айналдырып әкеліп Әуезов пайымымен астарлап дәйектейтін. Өзі жазғандай, ол Абайтанудың «М.Әуезов дәуірінен кейінгі» ең ірі қайраткеріне айналды. «Абайдың ақындық кітапханасы», «Абайдың Шығысы», «Абайдың исламиятқа қатысы», «Абайдың мораль философиясы», «Абай шығармаларының текстологиясы», «Ақынның «өзі алған нәрлері», «өзгеге берген нәрі» деген сияқты соқталы тақырыптарды аңдуы мен қақпайы көп кенес дәуірінің өзінде қаймықпай көтеріп, арналы зерттеу нысанына айналдырған ұлағатты ғалым болды. Сол көп жылғы еңбектің қорытындысы Абайдың «Толық адам» ілімі — жаңа таным жолы» деген тұжырымдамаға айналды. Сөйтіп, 10 томдық еңбегін жарыққа шығарып, абайтанушыларға бағдаршам боларлық мұнара тұрғызып кетті. Осылайша, ол Абай тағлымы арқылы ұлт рухының XX ғасырдың екінші жартысындағы тұстаушылардың бірегей тұлғасына айналды.

Сонау жетпісінші жылдардың өзінде Абай атындағы Қазақ педагогика институтында (ол кезде солай аталатын) дәріс оқып жүрген кезінің өзінде ол кісі бүкіл жан дүниесімен «ұлтшыл» еді. Бізге «Ежелгі дәуір әдебиеті» мен «Абайтанудан» дәріс оқыды. Біз мектепте атын естімеген «тасқа қашалған көне түркі жазба ескерткіштері», «Оғызнаме», «Махмұт Қашқари», «Құдатқу білік», «Кодекс-Муманикус», «Қорқыт ата» «Рабағузи» сияқты ежелгі дәуірден бастап, Абайға дейінгі әдебиеттің тарихи кезеңдерін өзіннің байыпты, сырлы дауысымен қарсы ауыз балапандардың көкейіне қондыра жеткізуші еді. Әсіресе, Дулат Бабатайұлына келгенде шабыттанып, шамырқанып кететін. Өйткені Дулат — қазақ қоғамының отаршылдыққа қарсы соңғы тұяқ серлер дауыспаз үні еді. Ол жөнінде өзінің досы Құлмат Өмірәлиевтің әйгілі еңбегін көл-



Ол кісінің «Қазақтар қалай орыстанды?» деген шағын кітапшасының өзі қоғамдық ойға алапат қозғау салды. Ұйқыдағы сананы дүр сілкіндірді, тарихқа тәуелсіз көзқарас керек екендігін «қағынан жеріген» жұртына түйсіндірді. «Ұлтшыл» деген сөзден үрікпей, өз ұлтыңды қастерлеу – азаматтық асыл қасиет екендігін алғаш айтқандардың бірі болды. Осы орайда даңқты батыр Бауыржан Момышұлының отыз томдық еңбектерін жарыққа шығаруы да ұлтқа қызмет етудің бір парасы еді.

МӘНГІЛІК ӨМІРІ БАСТАЛДЫ

Абайтанушы, мұхтартанушы, көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының мәңгілік өмірі енді басталды.

Батыр Бауыржанның бауырында жүріп, батырлықтың бар сырын ұққан, елі мен ұлты үшін құрбандыққа шалынуудың үлкен үлгісін көрсеткен, өзінен кейінгі белгілі-белгісіз жастар академик атанып жатқанда жанталасып атак-данққа ұмтылмай, өзінің өмір бойы жинаған абыройына дақ түсірмей, Абайдың айтып кеткен өсиеттеріне адалдық танытып, дала данышпанының дәрістерін дәріптеп, Мұхтар кешкен мехнатты тағдырды бастан кешуге бел шешіп мойынсұнып, ауырсынбай, ағысқа қарсы жүзе білуді берік ұстанған ұлы тұлға Мекемтас Мырзахметұлы өмірден өтті дегенде өкініштен өзге сезімді бастан кешірмеді. Өйткені онсызда алдыңғы буын ағаларымыздың қатары сиреген сайын жаның жүдеп, көшбасшысынан айрылған көшпейтін құлазып жүрген шақта тағы бір арқасүйер ағамыз, бағыт берер баталы абыз атамыздан айрылу қазақ халқы үшін оңай соқпаған сыйналы. Жасы жүзге таяп, өмірдің ашы мен тұшысын теңдей тартып, ешкімге, ұрпағына артық салмақ түсірмей кетті деп, «тәубәшілік» етсек те, ондай



лығының қабырғасында өткізді. Ұлы Абайдың ең толымды ғылыми жинағын шығаруға, М.Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағын дайындауға белсене араласты. Бұрын жарияланбаған қаншама мұрағаттық жазбаларды жарияға шығарды. Осы Институт қабырғасында ғылыми держелер қорғалды. Ең сүбелі деген еңбектерін жазды. Қай жерде жұрмесін Мекемтас аға киелі шаңыраққа бір соқпай кетпейтін. Өмірінің соңына дейін институтпен араластығын үзген жоқ. Жасының ұлғайғанына қарамастан, айына бір рет телефон шалып хабарласып отыратын. Енді сіздің сол сазды дауысыңызды сағынатын болдық, ұлы ұстаз!

Бақұл болыңыз, ардақты аға! Өзіңіз жан дүниенізбен сүйген, қапысыз қызмет еткен қазақ халқы аман тұрғанда Сіз мәңгі жасайсыз. Азат саналы азаматтардың Сізді есінен шығармайтынына, дұғасынан тастамайтынына біз, шәкірттеріңіз кәміл сенеміз. Туған жеріңізден бұйырған топырағыңыз торқа болсын! Абай аңыздың рухы желеп-жебеп, Алла нұр жүзіңізді пейіште шалқытсын!

Кенжетхан МАТЫЖАНОВ,
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры,
ф.ғ.д., КР ҰҒА академигі

тұлғаларымыз тапшы екенін мойындамасқа болмас.

Бүкіл түркі әлеміне ортақ әдеби, ғылыми мұралары көзі барда жүйеленіп, жинақталып, жарияланып, жазылып үлгергенімен әлі халыққа берері, қуағы жеткенде, қаламын қолынан түсірмей жазары көп еді ол кісінің. Өзі еңбек еткен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасын мұқият жинап, жариялауда талай еңбек етсе де әлі зерттелуге тиіс тақырыптар туралы түрлі жиындарда, ғылыми мінбелерде айтып жүретін еді. Алайда «алтынның қолда барда қадірі жоқ» дегендей, қасымызда жүргенде ол кісілер бейне бір мәңгі өмір сүретіндей сұхбаттасуға, сол жазылмай жатқан жайларды, айтылмай қалған ақиқаттарды естуге енжармыз ғой. Абай атамыз айтып қандай, «қолымызды мерзімінен кеш мермегенімізді» кейін түсініп жататынымыз өкінішті. Ендігі ұрпақ көрнекті ғалым, абайтанушы, мұхтартанушы Мекемтас Мырзахметұлының орындалмай кеткен армандарын, жаза алмай кеткен тақырыптарын зерттеуге мүдделі деп ойлаймыз, үміттенеміз. Сондай-ақ оның топонимика, ономастика саласындағы атқарған қыруар еңбектері де арнайы зерттеуді қажет етеді. Оларды жиі-жиі жанғыртып, жариялап отыру арқылы біз өз ұрпағымыздың төл тарихын тануға деген құштарлығын оятармыз хак.

Бүгінгі мұхтартанудың өзекті мәселелері енді мекемтастанумен де тығыз байланыста зерттелері ғылыми зандылық болса керек.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын зерттеуге бүкіл саналы ғұмырын арнаған ғалымның ендігі ғұмыры да ғибадты болғай, жатқан жері жәннәт, иманы саламат болсын дейміз.

Гүлзия ПИРӘЛИЕВА,
ғалым, профессор

ЖОЛ СІЛТЕУШІ

Мұқым қазақ еліне һәм жалпақ түрік жұртына, дүйім шығыс дүниесіне қайғырып көңіл айтатын. Мекемтас Мырзахметұлы сияқты алып тұлға дүниеден озды.

Мекемтас ағайдың ұлтшылдығы тығыз түрік әлемінен, шығыстың шексіз байтағымен байланысты еді. Оған себеб ол кісі қазақ елінің хал-тағдырын жеке дара оқшаулап қарастырмаған жоқ. Оны ол түрік, шығыс ауқымында көрді. Содан болар, ол кісінің сонау кенестік дәуірде қорықпай, Алып Ер Тонаны еске алуы, Жүсіп Бала-сағұнды жоқтауы. Ал ақиқатында, кенестік дәуірде шығысты зерттеуге тыйым салынған еді. Бұл жабық тақырып еді. Себебі қазақтың тамыры тереңде, ой-санасы ғарышпен ұшпақтан ұлт болатын. Сол терең тамырды қиып, биік ой-өрісті пәсейткісі келген еді кейбіреулер.

Ол кісі осындай шексіз әлемге құлаш ұрды. Оны ол қайдан алды? Мұхтар Әуезовтен, хакім Абайдан алды. Абайды Мұхтар таныды. Мұхтарды Мекемтас аңдады. Себебі Әуезов «Абайдың шығысы батысынан басым еді» деді. Және «Абайдың шығыстан алған ең басты нәрсесі — Ислам» деді. Сөйтіп, ол кісі өзінің ғылыми кредосын М.Әуезовтің мұражай үйіндегі шаң басқан архив материалдарынан тапты. Осы идеяға, ғылыми мұратқа ол кісі жүз жыл бойы адал қызмет етті. Дүниеге мойын бұрмады. Яғни, ғарышты лашыққа айырбастамады. Қанша адам, әйтпесе сол кезде көк тәңірді көк есекпен шатастырып алғандай еді. Енді бізде, кейінгі буын тарылмай, тұншықпай ағайдың кең даңғыл жолы сияқты баратын, жүретін жолымызды тауып алуымыз керек. Әйтеуір, журу мақсат емес, баратын мөрөнді тауып алып жүру — мақсат. Одан соң сол мақсатқа соңына дейін қалтқысыз, айны-

май қызмет ету. Міне, кредоның кредосы — осы. Мұхтар Әуезов өзінің басты еңбегіне бекерге «Абай жолы» деп ат қойған жоқ. Ол бізге айтылған емеурін, көрсетілген белгі. Абайдың жолы — бізді ұлы мұратқа жетелейтін, ақиқатқа бастайтын ишара жол. Абай, Мұхтар, Мекемтас — бұлар ұлы жол сілтеушілер. Оны ұғатын ұлт бағын біліп айтқан олар. Дана халқымыз «Ымға түсінбеген дымға түсінбейді» дейді. Біз ақ пен қараны әлдеқашан ажыратқан халықпыз. Енді тек соны шатастырып алмай — басты парыз.

Ақжол ҚАЛШАБЕК,
профессор, Мекемтас Мырзахметұлының шәкірті

ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МЭТРИ

XXI ғасырдағы алыптардың алыбы, даналардың жұрнағы, ұлылардың ізбасары сөзсіз Мекемтас Мырзахметұлы атамыз еді. Ол кісімен менің таныстығым биыл 11 жыл толыпты. Бажайлағанға бірде аз уақыт, бірде осал еместей көрінер. Мектепті бітіре сала Мекемтас атаммен таныстығым басталды. Айбарлы тұлға бұл кезде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Абайтану» орталығының директоры болып қызмет атқаратын. Бұл кезде аталған оқу ордасының филология факультетінің 1-курс студенті едім. Әуелгіде телефон арқылы байланыстық. Көңілде қобалжу. Жолыққым келетінін айттым. Бұрындары Мекемтас атамның Социалистік Еңбек ері, нағашым Егемқұл Тасанбаевпен тығыз байланыста болғанын естуді едім. Өзінен сұрап едім, рас болып шықты. Араларында ерекше байланыс болып, рухани көпір орнаған екен. Содан Мекемтас атаммен алғаш кездесудің сәті түсті. Содан бастап аяулы тұлғаның балағына ерген шәкіртіме айналып, дүниеден өткенге дейін арнамызда мызғымас байланыс орнады. Филология ғылымдарының кандидаты, Мекемтас атамның шәкірті Ақжол Қалшабектің жетекшілік етуімен «Абайдың «Китаб тасдик» шығармасындағы көркемдік-танымдық мәселелер» тақырыбында дипломдық жұмыс қорғадым.

Атамның ғұмырының соңғы жылдары Оңтүстік өңірінде өтті. Өзі шыр етіп дүние есігін ашқан Түлкібас тауларының баурайында тағалымды сәттерін өткізді. Тоқсаннан асып, жүзге қадам басса да дамыл таппады. Қанша адамның шабытын ашып, көкірек көзін оятты. Қаруы — қалам, серігі — ақ парак, жан жолдасы — адалдық пен әділдік болды.

Өз сөздерінде «абайтану — оңтүстікке ауды» деп отыратын еді. Шымкент қаласы Мекемтас ата үшін айрықша болды. Шым шаһарда соңғы жылдары жан-тәнімен беріле еңбек етті. Олай болуының да жөні бар. Мархабат Байғұт атамыз: «Қатыгездік пен қайырымсыздық, күншілдік пен басқатық қалалардан емес, тұрғындар тараптан болар. Онда да зиялымын деп жүрген зиясыздардан (нұрсыздардан), жалғандыққа иланып, жағымпаздыққа жығылған имансыздардан көбірек шығар. Бұл — жаналық емес. Қашан да, қайда да солай. Осылай жалғаса берер. Әйтпесе, Әл-Фараби бабамыздың қайырымды қала іздеп жаһан кезіп бара жатқандағы бейнесінің елесі бүгінгі Мекемтас ағамыздың тұрпат-тұлғасынан табылар ма еді?» Иә, себебі де сондай.

Мекемтас ата үшін Шымкент — қайырымды қала болды. Ғұмырының кейінгі жылдарынан, бақиға аттанғанға дейін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде табысты еңбек етті. 2018 жылдан бері іргелі қара шаңырақта «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы қызметін атқарды. Атамның «Толық адам» туралы кітабының талқылауына да осы орталықта өткізді.

Соңғы рет 23 қарашада абайтанушы ғалым, шәкірті Ақжол Қалшабек ағамызбен көңілін сұрай барғанымызда атамның өжеттеуір әлсіреп қалғанын байқаған едік. Сонда көңіліміз құлазыды. Бірақ ұлылықтың нәрімен сусылдаған ғарыштық сана сол күйі биіктен түспеді. «Сендердің жақсы болғандарың — өзіміңіз жақсы болғаным. Сондықтан біраз жұмыс тындырыңдар. Осы жетеді демедер, бұл — бастама. Алдарыңнан қолденең жұмыстар көп шығады. Соған күштерінді салып, абыроймен алып шығыңдар», — деп батасын берді. Соңғы жүздесу екенін білмейміз ғой, өттен!

Көңіл әлі де сенбейді. Әлі де «Мұхтартану» орталығында отырған, жайдары қалпымен кіріп келетіндей, телефон шылдырласа, аяулы Мекемтас ата хабарласатындай күйдеміз.

Қазаққа сіздей ұлы перзент сыйлаған Жаппар Хаққа сансыз мақтау айтамыз. Сіздей ұстазға шәкірт болған бізде арман жоқ, асыл ата!

Өзіңіз ғұмыр бойы бойтұмар еткен ұлыармен жүздесіп, қауышқан боларсыз!..

Қош болыңыз, ата!

Бақұл болыңыз, әдебиеттану ғылымының мэтрі!

Әмірхан ИСАБЕК,
Мекемтас Мырзахметұлының шәкірті, жас ғалым

ҚҰТЫ ҚАШҚАН ҚЫЗЫЛ МИЯ



Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын Сыр өңірінде «сұлулық сиқыры» саналған қызыл мия тамырын өңдеуге негізделген зауыттар ашу бастамасы көтерілгені көпке мәлім. Сол уақытта облыс аумағында индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында қос жоба жүзеге асырылатыны айтылып жүрді. Бұл аймақ экономикасына айтарлықтай үлес қосып қана қоймай, фармацевтика саласының өркен жаюына тың серпін береді деп күткен еді.

А Ербақыт ЖАЛФАСБАЙ, Қызылорда облысы

Дерек көздеріне жүгінсек, мия өсімдігі ежелгі Геродот дәуірінен жеткен қолжазбаларда скиф тамыры деген атаумен белгілі болған екен. Содан бері сан алуан дертке шипа саналған мианы күллі адамзат белсенді түрде қолданып келеді. Медицинада адам денсаулығына пайдасы орасан екені дәлелденген күннен бастап оған деген сұраныс та аспандап кетті. Бір кездері мия өсімдігін тамырымен қопарып, Қытай асырып жатқаны да сөз болып, елді дүрліктіргені көптің жадынан шыға қойған жок.

Қолда бар мәліметке сәйкес, Сырдария мен Жайық жағалауы ежелден құнды өсімдіктің көп өсетін аймақтары қатарына жатады екен. Мамандар тарапынан, өсімдік тамырын өңдеу де онайға соқпайтын көрінеді. Мия тамырын 40 метр тереңдікке дейін жайып өседі. Барлаушылар көп жағдайда оның тамырын 1 метр тереңдікке дейін ғана қазып алатын көрінеді. Табиғат жанашырлары бұдан терең қазу емдік өсімдіктің түбегейлі жойылып кетуіне әкеп соқтыратынын алға тартады.

Бір қызығы, қызыл мианы егуге көп шығын кетпейді. Өйткені бұл өсімдік суды көп қажет етпейді. Ыстыққа да, суыққа да төзімді келетін өсімдікті бір ексе, 10 жылға дейін өздігінен қаулап өсе беретін қасиеті де бар.

Әлемдік тәжірибеге көз жүгіртер болсақ, мианы консерві өнімдеріне, өнеркәсіпке және косметикаға пайдаланады. Ресейде мия тамырын өңдеумен 6 кәсіпорын айналысады. Германияда өндірілетін кремдердің 25-30 пайызы осы қызыл мия шырынын құрайды екен. Өйткені бұл өсімдіктің адамның терісін жасартуға ықпал ететін қасиеті жоғары екені әлдеқашан дәлелденген. Сондай-ақ іргедегі Қарақалпақстанда осыдан 35 жыл бұрын-ақ қызыл мианы өңдеп, экспортқа шығаруды жолға қойыпты.

Негізінен, мия өсімдігін қазақ топырағында өңдеу ісі сонау XIX ғасырда бастау алғаны айтылады. Содан бермен қарай мия тамырының емдік қасиеті халыққа кеңінен дәріптеліп, зор сұранысқа ие болып келеді.

Ал Сыр өңіріндегі мия тамырын өңдеу зауытының бастамасы алғашында жер жарғанымен, бастамасы көз қуантп алмады. Соның ішінде облысқа қарасты Жалағаш ауданында ашылған өндіріс орны бірнеше рет жұмысын тоқтатып, көптің көңіліне күдік ұялатып тұр.

Нақты айтқанда, 2014 жылы Қызылорда облысына қарасты Жалағаш және Шиеді

керлер арасындағы өзара келіспеушілік салдарымен түсіндірді. Содан 2017 жылға дейін зауыт жұмысы тоқтап қалды.

Ал 2017 жылы зауытқа 115 мың долларға жаңа қондырғылар орнатылып, жұмысы қайта жанданғаны жария болды. Тіпті, сол жылы тұңғыш рет мия тамыры өңделіп, Қытайға 20 тонна глицирризин қышқылының қара ұнтағы жөнелтілсе, 2018 жылы 13,6 тонна өнім экспортталғаны жария болды. Бірақ кәсіпорынның аяқалысы ұзаққа бармай, сол 2018 жылы қайта тоқтады. Бұл жолы өндіріс орнының жұмысын тоқтатуын Жалағаш кәсіпорны шығарған өнім құнының әлемдік нарықта арзандауымен байланыстырды.

Осыдан кейін бес жылға жуық уақыт тұралаған зауыт жұмысы 2022 жылы қайта қолға алынғандай болған. Сол кезеңде жергілікті әкімдік тарапынан мия тамырын өңдеу зауытын қайта іске қосу мақсатында «Бис Групп» ЖШС қытай технологтарының қатысуымен жөндеу жұмыстарын қолға алғанын мәлімдеген болатын. Сондай-ақ сол уақытта зауытты газға қосу жұмыстарының шеті де көрініп қалды. Бірақ бұл бастаманың соны түрлі себептермен тағы сиырқұйымшақтанып кетті.

Соңғысы 2023 жылы сол кездегі Жалағаш ауданының әкімі арнайы брифингте зауыт қайта іске қосылғанын сүйіншілеген болатын. Тіпті, қосымша 30 жаңа жұмыс орны ашылғанын жарнамалаған еді. Бірақ көптің үміті тағы ақталмады.

Қазіргі уақытта жергілікті жұртшылық зауыт жұмысы тоқтап тұрғанын айтып, дабыл қағып жүр. Бұған дейін сан мәрте ашылып, қайта жабылған өндіріс орнының болашағынан үміт жоқ екенін алға тартады. Зауыт жұмысының бұл жолы тоқтап қалуының себебін білу мақсатында Жалағаш ауданы әкімдігімен байланысып көрдік. Аудан әкімдігі зауыт тарапынан нақты ресми мәлімет болмай тұрғанын алға тартты. Ал Қызылорда облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасынан сұрағанымызда, нақты мәлімет жинақталғанын ғана ақпараттандыра алатынын мәлімдеді. Нәтижесінде, зауыттың бұл жолғы жұмысын тоқтату себебі жұмбақ болып қалды.

Бір белгілісі, бүгінде зауыт жұмысының болашағы бұлыңғыр тартып тұр. Бұған дейін түрлі себептермен бірнеше мәрте ашылып, қайта жабылған өндіріс орнына елдің сенімі де жоғалған. Тіпті, халық тарапынан көпке күмән болған кәсіпорын жұмысын тоқтата салған дұрыс болар деген пікірлер де айтылып жүр.

Қалай дегенде де, құрғақ уәденің құрбаны болған зауыттың бүгінгі ахуалы әзірге беймәлім. Өндіріс орнының бұл жолғы тоқтау себебін құзырлы орындар алдағы уақытта түсіндірер деп үміттенеміз.

аудандарында мия тамырын өңдеу зауыттары іске қосылатыны сөз болды. Аталмыш зауытты Қазақстан—Қытай бірлескен кәсіпорны негізінде жүзеге асыру көзделді.

Соның ішінде Жалағаш ауданындағы жоба қытайлық «Борихунда» компаниясы мен жергілікті «Бис Групп» қаржысы есебінен жүзеге асырылған еді. Сол уақытта кәсіпорын орналасқан 8,75 гектар жер телімі мемлекеттік қолдау шарасы ретінде кәсіпкерлерге берілгені де сөз болды.

Ашығын айтқанда, жоба 2013 жылы «Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуы» мемлекеттік бағдарламасы аясында өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізілген. Соның негізінде 2014 жылдың желтоқсан айында зауыттың құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Сол кезде құзырлы орындар тарапынан зауыттың жалпы сомасы 1,8 млрд теңгені құрағаны айтылды.

Алайда бірегей саналған өндіріс орны өнімділігімен көз қуантпады. Нысан іске қосылғанымен, көп ұзамай жұмысын тоқтатты. Сол уақытта оның себебін үлес-



ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы Университеттің 2024-2025 оқу жылында 50 білім беру бағдарламаларын аккредиттеулерді ұйымдастыру және өткізу үшін тәуелсіз халықаралық аккредиттеу агенттіктерден қызметін сатып алу.

Университеттің 2024-2025 оқу жылында 50 білім беру бағдарламаларын аккредиттеулерді ұйымдастыру және өткізу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын қызметтердің орындалу мерзімі: тараптар келісім шартқа қол қойған күннен бастап әлеуетті өнім беруші 30 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге тиісті.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып

алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;

2. Сатып алу нысаны болып табылатын қызметтерді сатып алу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;

4. Әлеуетті өнім беруші ҚКС төлеуші болса көрсетілетін қызметтер бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚКС қоса қарастыруы керек.

5. Әлеуетті өнім беруші баға ұсынысы жалпы сомасының 5% көлемінде өтінімді қамтамасыз ету мақсатында ақшалай төлем жасалынуы керек. (Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН 990440008043, БСК HSBKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі АҚ»). Төлем тапсырмасының түпнұсқасын ұсынуы шарт.

6. Конкурса қатысушы әлеуетті өнім берушінің «халықаралық мәртебесін (статус)» айқындайтын дәлелді құжаттары болуы шарт.

Сатып алынатын қызметтердің тізімі мен келісім шарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 03.02.2025 (12:00), №201-кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.

Қазір қаңтардың қытымыр аязы күшіне мініп тұр. Мұндай мезгілде жыртқыш аңдар жеуге азық таппай, ауыл маңын жағалайтыны белгілі. Тұз тағыларының қорадағы төрт түлікке түсуі қалыпты құбылыс болса, шибөрілердің қорымдарды қазып жатқаны тұрғындарды шошытып отыр. Мұндай жаға ұстатар жағдай Жамбыл облысы Талас ауданы Ақкөл ауылында тіркеліп, бұқара дабыл қағуда.

ҚОРЫМДЫ ШИБӨРІЛЕР ҚАЗЫП ЖАТЫР



А Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Қанжан Абдиев қарияның ұлы бытыр мезгілсіз қайтыс болып, жақындары жер қойнына тапсырады. Алайда қара жамылған отбасы баласының моласын бірер күнде көруге барғанда оның айналасы қазылып, жыртқыштар ішке түспекші болғанын байқайды.

— Ұлымның моласының айналасын тазартып, бақылап қайтуға барғанымда қорқынышты жағдайға күйе боламын деп ойламадым. Айналасы шұңқыр болып қазылып, жыртқыштар ішке түспек болғаны анық байқалып тұр. Азиярой болғанда дер кезінде келіпін. Баламның денесіне жыртқыштар жете қоймапты. Деру қазылған шұңқырларды көміп, айналасын қатты материалдармен бекітіп тастадым.

Негізі, молаға жыртқыштар төмен жақтан қазып түспекші болған екен. Биыл ауылда шибөрілер өте көп. Ымырт бата елді мекенді айналып шуылдап кетеді. Бұл солардың ісі екені анық. Осы шибөрілерді жергілікті билік тарапынан атып, санын азайтып қойса жөн болар еді. Әйтпесе, ашыққан жыртқыштар малды қойып, енді қорым қазуға шықты, — дейді жүрегі қан жылаған әке.



Жыртқыштардың санын азайтудың заңнамалық нормасы бар. Яғни, лицензиясы бар аңшылар қасқыр мен шибөрілерді ата алады. Алайда лицензия алу үшін арнайы инспекцияға өтінім тастау керек. Солардың тексерісінен кейін рұқсаттама беріледі.

Иә, бұл шын мәнінде төбе шашынды тік тұрғызатын жағдай екен. Осы орайда мұндай оқиғалар ауылда жиі бола ма, соны білмекке ауыл имамына хабарластық.

— Негізі, ауылда шибөрілер өте көп. Ауыл маңында Ақкөл көлі орналасқандықтан сулы жағалап жыртқыштар көп жүреді. Күн суытқаннан бері шибөрілердің тұрғындардың уақ малын талап тастағанын естігенім бар. Алайда қорым қазып жатқанын құлағым шалмапты. Бірақ бұл мәселені жіті бақылауыма алып, молаларды аралап шығамын. Содан кейін тиісті органдарға хабар беремін. Қазақ мұндай жыртқыштарды «қорқау» деп атаған. Және мұндай қорқаулардың қорым қазуы байырдан бар нәрсе. Көп жағдайда моланың құмы төмен түсіп кетсе немесе ылғал болып жатса, сол кезде шибөрілер қорым қазып жатады.

Бұл — алаңдайтын жағдай. Сондықтан ауыл ішіне дейін кіріп кеткен шибөрілердің санын мемлекет тарапынан азайтып берсе, нұр үстіне нұр болар еді. Төрт түлікті талап, қорым қазып жатқан мұндай шибөрілер ертен ауыл тұрғындарына, оның ішінде жас балаларға шабуыл жасап жатпасаына да ешкім кепілдік бере алмай-

ды, — дейді ауыл мешітінің имамы Сейіт-хамелидин Әміров.

Жабайы жыртқыштардың санын заң шеңберінде азайтуға бола ма, соны білмекке облыстық Табиғи ресурстар және тибағат пайдалануды реттеу басқармасына қайырылды.

— Жыртқыштардың санын азайтудың заңнамалық нормасы бар. Яғни, лицензиясы бар аңшылар қасқыр мен шибөрілерді ата алады. Алайда лицензия алу үшін арнайы инспекцияға өтінім тастау керек. Солардың тексерісінен кейін рұқсаттама беріледі. Табиғаттағы тепе-теңдікті сақтау үшін қасқыр немесе шибөрілердің тек белгілі бір пайызын атуға ғана лицензия беріледі. Осы құжат негізінде аңшылардың жыртқыштарды аулауға мүмкіндіктері бар, — дейді басқарманың Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау бөлімінің басшысы Әділ Жақыпов.

Осы ретте лицензия алудың тәртібі қандай және жылына қанша жыртқыш аңды атуға болатынын білу үшін басқарма маманы бағыттаған инспекцияның есігін қақтық.

— Жыртқыш аңды атуға берілетін рұқсаттама ашық жарияланады. Электронды база арқылы аныштылық құжатты және мылтығының нөмірін тіркеп көрсетсе,

өтінім берушіге аңдарды тегін атуға рұқсат беріледі. Алайда қанша жыртқыштың көзін жоюға болатынын біз белгілемейміз. Оны министрлік бекітеді. Жыртқыш аңға жүргізілген есепке қарай атуға болатын пайызын шығарады. Биылғы жылға әлі нақты көлемі бекітілген жоқ. Алайда 2024 жылы 289 қасқыр мен 589 шибөрі атуға рұқсаттама қағазы берілді. Бұйырғанда, осы қағаз айында биыл қанша жыртқыш аңды атуға болатын саны шығады деген жоспар бар. Сол кезде өтінім берген аңшыларға рұқсаттама құжаттарын береміз. Олар атқан жыртқыш аңды жергілікті орман шаруашылығы мекемесіне өткізетін болады, — дейді Жамбыл облыстық Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бөлім басшысы Нұрғали Ниязқұлов.

Байқап тұрсақ, жыртқыш аңды атуға рұқсаттама алудың еш қиындығы жоқ екен. Тиісті құжаттарын өткізген болғаны. Алайда биылға қанша қасқыр мен шибөріні аулауға рұқсат берілетіні анық емес. Сондықтан ақкөлдiк ағайынға сәл төзімділік танытуға тура келеді. Әйтеуір, лицензия беріледі дегенге дейін қорымдардағы мәйіттер қорланбасын деп тілейік.



14 ҚАҢТАР 2025 | СЕЙСЕНБІ




ҮМІТІМІЗ — ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

Төрт жылда бір болатын қысқы Азия ойындарының басталуына 1 айдан аз уақыт қалды. Биыл 19-шы рет өткізілейін деп жатқан Азия ойындары Қытайдың Харбин қаласында болады.

Әсет ҚАЛИ

Тарихқа көз жүгіртсек, еліміздің құрамасы қысқы Азия ойындарына 1996 жылдан бері қатысып келе жатыр, сол жылы Азия ойындарын осы Харбин күтіп алған екен. Ең алғаш Азияға қатысқан сәттен-ақ керемет нәтиже көрсеттік деп нық сеніммен айта аламыз. Себебі Қазақстан құрамасы медальдық есепте екінші орынға шығып, отандастарымыз Жапония мен Оңтүстік Кореяны шаң қаптырып кеткен еді. Біздің спортшылар 14 алтын, 9 күміс және 8 қола медаль жеңіп алды. Жеңіс тұғырына бірнеше рет көтерілген Людмила Прокашева (конькимен жүгіру), шаңғышы Павел Рябинин, биатлоншылар Дмитрий Пантов, Валерий Иванов және Инна Шешкиль көңілімізді біраз марқайтқан еді. Ендігі жылда да осындай нәтижелер тіркеліп, қанжығамыз майланса дейміз.

Соңғы өткен 5-ші Азия ойындарында ұлттық құрамамыз биіктен де көрініп, кейде сүрініп те жатты. Мысалға бір спорт түрінен бір жылдары бірнеше медальді жеңіп алсақ, кей жылдары бұл көрсеткішіміз 1 медальмен шектелді. Соңғы 2017 жылы өткен Азия ойындарының шаңғы жарысында құрама спортшылары құрлықтағы ең мықты шаңғышылардың қатарында болғанына қарамастан, небәрі бір ғана алтын медаль місе тұтты. Алайда басқа да спорт түрлерінен жақсы нәтиже көрсетті. Осы жарыста Қазақстан құрамасының қоржынына ең көп алтын медальды биатлоншылар салды. Біздің спортшылар бұл



де-бір шайба соғуына мүмкіндік бермеді. Екінші орынды Оңтүстік Корея иеленсе, Жапония үздік үштікті қорытындылады. Ал әйелдер арасындағы жарыста қазақстандықтар үшінші орынды қанағат тұтты.

«Былтырдан бері Азия ойындарына дайындыққа құзыретті мекемелер, федерациялар білек сыбана кірісті. Қазір 139 спортшымыз қызу дайындық үстінде деп айтсақ болады. Жалпы, енді командалық есепте үздік бестікке кіру деген айқын мақсатымыз бар. Өйткені салыстырмалы түрде Азия құрлығында қысқы спорт түрлері қатты дамымаған. Негізі, бұл қысқы Азия ойындары — алдағы жылы Миланда өтетін қысқы олимпиада ойындарына дайындық ретінде керемет мүмкіндік. Сәйкесінше көп көңіл бөлінеді», — дейді спорт журналисі Аслан Каженов.

Журналистің сөзінше, Азия ойындарында Қазақстан құрамасы шорт-тректен бірде-бір алтын алмапты. Негізі, елімізде қысқы спорт түрлерінен салыстырмалы түрде жақсы әрі жүйелі түрде дамығаны осы шорт-трек спорты екен.

Шорт-трек — Азия ойындарының ерекше әрі тартысты спорттарының бірі. Бұл дода нағыз Азиаттық мектептің мықтылығын көрсететін бөйге іспеттес. Азия құрлығының басты қой-басшылары ретінде Оңтүстік Корея, Қытай және Жапония елдері күмәнсіз кіреді. Анық басымдықтарын олимпиадалар мен әлем чемпионаттарындағы үстемдігі дәлелдейді.

Соңғы жылдары ел құрамасы да шорт-тректен айтарлықтай қарқын алып келеді. Қазір команда құрамында өте мықты спортшылар бар. Сондықтан алдағы Азия ойындарында біздің спортшыларымыз таңғалдырады дегенге сеніміміз мол.

Айта кетейік, қазір шорт-тректен Қазақстан құрамасының еншісінде тек үш қола медаль бар. Біздің шорт-трекшілер алғаш рет 2011 жылғы Азия ойындарында жүлдегер атанды. Ерлер эстафетасында Абзал Әжғалиев, Айдар Бекжанов, Нұрберген Жұмағазиев, Федор Андреев және Артур Сұлтанғалиевтен жасақталған құрама үшінші орын алды. Сол жылы әйелдер командасы да қола медаль иеленді. Жұлдені Инна Симонова, Ксения Мотова, Дарья Волокитина және Анна Самарина жеңіп алды.

2017 жылы Саппорода өткен Азия ойындарында әйелдер командасы бұл жетістікті қайталап, Анастасия Крестова, Ольга Тихонова, Мадина Жанбусинова, Анита Нагай және Ким Ёнг Анық арқасында тағы бір қола медальға қол жеткізді.

Жекелей сында әзірге медальдар жоқ. Дегенмен соңғы ойындардан кейін Қазақстан шорт-трекшілерінің дайындығы жоғары деңгейде. Атап айтсақ, Әлем кубогы кезеңдерінде жүлделі орындарға ие болды, ал Денис Никиша әлем чемпионатында екінші орын алды. Сонымен қатар Харбинге аттанатын Алина Әжғалиева жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында күміс жүлде жеңіп алған еді. Осылайша, қазір

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ ТОП ЖАРДЫ

Қазақстанның теннисшісі жасөспірімдер арасында финалға дейін жетті.

Түркиялық Илай Йорукпен жұптасып өнер көрсеткен қазақстандық теннисші Сандуғаш Кенжібаева Анталияда өткен W15 санатындағы ITF сериясы турнирінің жеңімпазы атанды. Финалдық матчта 19 жастағы Кенжібаева мен 23 жастағы Йорук неміс теннисшісі Мина Ходжич пен швейцариялық Мари Меттрони жеңді, есеп — 6:4, 5:7, 10:8. Осылайша, Сандуғаш ITF турнирінде жұптық сында үшінші рет топ жарып отыр. Былтырдан бері Кенжібаева қазақстандық жас жаттықтырушы Артур Хайрутдиновтің қарамағында жаттығады.

Тағы бір қазақстандық Аружан Сағандықова ресейлік Мария Головинамен



жұптасып, W15 санатындағы ITF турнирінің финалында Тунистің Монастирінде словениялық Зива Фалькнер мен сербиялық Рене Милановичтен ұтылды, есеп — 4:6, 4:6.

Жекелей сында Аружан ширек финалға дейін жетіп, неміс Лара Шмидттен жеңіліп қалды (4:6, 5:7).

АСТАНАДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫС ӨТЕДІ

25 қаңтарда Астанада жеңіл атлетикадан Astana Indoor Meet for Amin Tuyakov Prizes халықаралық турнирі өтеді.



Бұл ауқымды шара 2025 жылғы World Athletics Indoor Tour Gold сериясын бастайды. Аталмыш шара әлемнің тоғыз қаласын қамтиды. Серияның финалы 28 ақпанда Мадридте өтеді.

Турнирде әлемдік жеңіл атлетика жұлдыздары өнер көрсетеді, оның ішінде олимпиада чемпиондары, әлем чемпиондары мен жүлдегерлері. Астанадағы жарысқа қатысушылар қатарында олимпиада чемпионы,

әлем чемпионы, «Бриллиантты лига» кезеңдерінің бірнеше дүркін жеңімпазы Андре де Грасс (Канада), Париж Олимпиадасының күміс медаль жеңімпазы, жабық алаңдардағы халықаралық жарыстың дебютанты Кишайн Томпсон (Ямайка), Олимпиада жүлдегері Алекс Хэйдок-Уилсон (Ұлыбритания), әлемдік рейтинг көшбасшысы Корнелиус Тувей (Кения), әлем чемпионы Марки Денди (АҚШ), Олимпиада финалистері Тина мен Тиа Клэйтон (Ямайка), олимпиада чемпионы Наташа Моррисон (Ямайка), екі дүркін әлем чемпионатының жүлдегері Сада Уильямс (Барбадос) және басқа да мықты спортшылар бар.

Сайыстар Қазақстан жеңіл атлетика кешенінде өтеді.

ШВЕЦИЯ ҚАҚПАСЫНА СОҒЫЛҒАН ШАЙБА

Келесі матчты қазақстандық жастар Оңтүстік Корея командасына қарсы өткізеді.

Италияда XXXII Дүниежүзілік қысқы универсиада аясындағы хоккей турнирі алдын ала ойындармен басталды. 12 қаңтар күні еліміздің студенттер құрамасы алғашқы кездесуі өткізіп, Швецияны тас-талқан етіп ұтты, есеп — 9:2.

Матч бөлімі хоккейшілер үшін аса өзгертілген жоқ. Кездесудің басында шведтер қатарынан екі шайба соқты, гол авторлары — Фолке Калл Линдфорс пен Джонатан Мейер.

Алайда алғашқы кезең аяқталар тұста қазақстандық жастар 21 секунд ішінде екі голмен ерекшеленді. Андрей Буяльский мен Николай Шульга мергендік тапты. Осыдан соң біздің жігіттерді тоқтата мүмкін болмады. Маусымды «Барыс» сапында бастаған Андрей Буяльский 2 гол соқса, Николай Шульга («Барыс») мен Данил Цыбин («Номад») де дубль авторы атанды. Одан қалды Максим Мусоров («Торпедо»), Әділ Бейсембаев («Снежные Барсы») және Денис Чапоров («Арлан») көзге түсті.

Швеция — Қазақстан — 2:9 (2:2, 0:3, 0:4)

Қақпашылар: Коллин — Әмірбек



«Тәуелсіздік алғаннан бері 6 қысқы Азия ойындарына қатысып, 78 алтын алыптыз. Басым бөлігін шаңғышылар (26 алтын) ұтып алса, одан кейін биатлоншылар 19 алтынды жеңіп алды. Сосын, шаңғымен бағдарлаудан 8 алтын жүлдеміз бар екен. Негізгі үміттеріміз осы бағыттарда болып тұр. Жеңіс жолын әрі қарай жалғастырады деген үміттеміз. Өз басым құрамамыз үздік бестікке кіреді деп санаймын. Тіптен үштікке де кіріп нәтижелерімізді жақсартсақ екен дейміз», — дейді Аслан Каженов.

спорт түрінде алты рет жеңіс тұғырынан көрінді. Ян Савицкий екі рет, ал Галина Вишневская-Шепоренко үш рет жеңімпаз атанды. Атой салып тағы бір алтын медаль аралас эстафетанда жеңіп алынды. Бұл жарыста ел намысын Максим Браун, Ян Савицкий, Дарья Усанова және Галина Вишневская-Шепоренко қорғағанын айта кеткен жөн.

Қазақстанның ерлер хоккей командасы үздік нәтижемен есте қалды. Құрама барлық матчта жеңіске жетіп, қарсыластарының бір-

NUR MEDIA
МЕДИЯ ХОЛДИНГІ

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЖАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(717) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4544
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,